



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ



ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ
ИНСТИТУТЫ



«ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ»

ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП

«Қазіргі қазақстандық қоғамдағы гендерлік саясат» тақырыбындағы әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша талдамалық есеп. / О.В.Николаева – Астана қ.: «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ, 2022 ж. – 150 б.

Талдамалық есеп Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша ұйымдастырылған «Қазіргі қазақстандық қоғамдағы гендерлік саясат» әлеуметтанулық зерттеу нәтижелеріне негізделген. Зерттеудің эмпирикалық негізін еліміздің барлық өңірлерінде жүргізілген жаппай сауалнама алу нәтижелері құрады. Қосымша дереккөз ретінде сарапшылық сұқбаттар, ресми статистика мәліметтері және халықаралық ұйымдар есептері қолданылды. Зерттеу Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат саласындағы жағдайды, еліміздегі гендерлік теңдікті дамыту ерекшеліктерін зерделеуге және осы салада практикалық ұсыныстар әзірлеуге бағытталған.

Гендерлік саясат саласындағы мемлекеттік құрылымдар мен ұйымдарға, үкіметтік емес ұйымдарға, зерттеушілерге, мамандарға, осы тақырып бойынша жұмыс істейтіндерге және басқа мүдделі тараптарға ұсынылады.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	4
ГЛОССАРИЙ	5
КІРІСПЕ	7
1 ТАРАУ. Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік және гендерлік ағартуды дамыту	12
1.1. Қазақстандағы гендерлік теңдік саласындағы ағымдағы жағдай	12
1.2. Гендерлік ағартуды дамыту	20
2 ТАРАУ. Гендерлік теңдіктің институционалды негіздері	24
3 ТАРАУ. Әйелдердің экономикалық және саяси мүмкіндіктері	31
3.1. Әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту	31
3.2. Әйелдердің саясатқа қатысуын қолдау	40
4 ТАРАУ. Әйелдерге және ерлерге қатысты зорлық-зомбылық	46
5 ТАРАУ. Ерлер мен әйелдердің бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуы	54
6 ТАРАУ. Гендерлік теңдікті дамытудағы халықаралық тәжірибе	57
ТҮЙІНДЕР	68
ҰСЫНЫСТАР	70
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	73

БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

АӘК	- Атаулы әлеуметтік көмек
ҚР СЖРА ҰСБ	- Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы
ІЖӨ	- Ішкі жалпы өнім
БЭФ	- Бүкіләлемдік экономикалық форум
ҚР ӘҚБтК	- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі
БҚКК	- Балалардың құқықтарын қорғау комитеті
МВД РК	- ҚР Ішкі істер министрлігі
ҚР ДСМ	- ҚР Денсаулық сақтау министрлігі
ҚР АҚДМ	- ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
ҚР ҚМ	- ҚР Қорғаныс министрлігі
ҚР ЕХӘҚМ	- ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ҚР ТЖМ	- ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі
ҚРПӘЮДСК	- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия
ҚР «Атамекен» ҰКП	- «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
ҮЕҰ	Үкіметтік емес ұйымдар
БҰҰ	- Біріккен ұлттар ұйымы
ҚҚ	- Қоғамдық қор
ҚР	- Қазақстан Республикасы
БАҚ	- Бұқаралық ақпарат құралдары
ТЗЗ	- Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық
АҚШ	- Америка Құрама штаттары
ӘСЗО	- Әлеуметтік және саяси зерттеулер орталығы
ЮНИСЕФ	- БҰҰ-ның балаларға көмек қоры
ЮНФПА	- Халықты қоныстандыру саласындағы БҰҰ қоры

ГЛОССАРИЙ

Гендерлік бюджеттендіру – бұл гендерлік тәсілді бюджет процесінде қолдану. Ол бюджет процесінің барлық деңгейлерінде гендерлік мәселелерді ескеретін және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету мақсатында кірістер мен шығыстарды қайта құрылымдайтын бюджеттерді гендерлік бағалауды білдіреді¹.

Гендер, «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 1 бабына сәйкес ерлер мен әйелдер арасындағы қатынастардың өмірдің барлық салаларында көрініс табатын әлеуметтік қыры².

Гендерлік сәйкестік – өзін ер мінезділік пен әйелдік қасиеттердің мәдени анықтамаларымен байланысты сезіну. Өзін ер немесе әйел ретінде ұқсату (сезіну) дегеніміз – бұл қоғамның биологиялық жынысына байланысты адамдарға жатқызатын және тағайындайтын психологиялық қасиеттері мен мінез-құлық үлгілерін қабылдау³.

Гендерлік саясат – халықаралық органдар мен мемлекеттердің, саяси партиялардың негізгі гендерлік басымдықтар мен іргелі құндылықтарды, қызметтің қағидаттары мен бағыттарын, тең құқықтарды, бостандықтарды бекітуге бағытталған, мүмкіндіктер, жағдайлар жасау және қоғамда гендерлік мәдениетті дамытуда және гендерлік саясатты қалыптастыруда ерлер мен әйелдердің тең әлеуметтік-саяси статусын қамтамасыз етуге мүмкіндіктер мен кепілдіктер беруге бағытталған тиісті әдістер мен тәсілдерді айқындауы⁴.

Гендерлік теңдік, «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 1 бабына сәйкес «қай жынысқа жататынына қарамастан, ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын және тең мүмкіндіктерін және саяси, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени өмір салаларына қатысуға нақты қолжетімділігін қамтамасыз ететін құқықтық мәртебені» білдіреді⁵.

Гендерлік рөл белгілі бір әлеуметтік талаптарды орындау деп түсіндіріледі - яғни сөйлеу, өзін-өзі ұстау, киім, ым-ишарат және басқалар түріндегі сәйкес келетін гендерлік мінез-құлық⁶.

Гендерлік стереотиптер – мәдениетте қалыптасқан ерлер мен әйелдердің мінез-құлқы туралы жинақталған түсініктер/сенімдер⁷.

¹ <https://rm.coe.int/1680596143>

² «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы № 223-IV Заңы.

³ Гендерлік глоссарий. АБХО. www.gender.ru

⁴ Гендерлік терминдер сөздігі. <http://a-z-gender.net/gendernaya-politika.html>

⁵ «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы № 223-IV Заңы.

⁶ А.А.Маали Шади Лингвистическая репрезентация гендерных стереотипов в рекламе. <https://cyberleninka.ru/article/n/lingvisticheskaya-reprezentatsiya-gendernyh-stereotipov-v-reklame/viewer>

⁷ Н.А.Коноплева Гендерные стереотипы // Словарь гендерных терминов / Под ред. А.А. Денисовой / Региональная общественная организация «Восток-Запад: Женские инновационные проекты». – М.: Информация – XXI век, 2002. – С. 62– 65.

Гендерлік стратификация – ерлер мен әйелдер арасындағы материалдық игіліктердің, билік пен артықшылықтардың тең бөлінбеуі⁸.

Кемсітушілік – адамға теріс немесе біржақты көзқарас не белгілі бір нышанның болуы негізінде оны қандай да бір құқықтардан айыру⁹.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекетті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі)¹⁰.

Отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы¹¹.

⁸ https://social_work.academic.ru/127/%D0%93%D0%B5%D0%BD%D0%B4%D0%B5%D1%80%D0%BD%D0%B0%D1%8F_%D1%81%D1%82%D1%80%D0%B0%D1%82%D0%B8%D1%84%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F

⁹ <https://humanlibrary.by/assertivnost/>

¹⁰ «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV Заңы (24.11.2021ж. жағдай бойынша өзгертулер және толықтырулармен)

¹¹ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отабасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518- IV Кодексі

КІРІСПЕ

Проблемалық жағдайды негіздеу

Гендерлік қатыстылығына қарамастан барлық азаматтардың құқықтарын сақтау, гендерлік теңсіздіктің түрлі көріністерін жою қазіргі қоғамның өзекті міндеттерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы үшін бұл ерекшелік болып табылмайды. Сондықтан 2021 жылы Мемлекет басшысы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасына әйелдердің қоғамдағы құқықтары мен мүмкіндіктерін көтермелеу және ілгерілету бөлігінде өзгерістер енгізу жөнінде тапсырма берді. Негізгі өзгерістер әйелдердің кәсіпкерлігін қолдау, ерлер мен әйелдердің еңбек нарығына, қаржылық және өзге де ресурстарға тең қол жеткізуі үшін жағдайлар жасау, әйелдерді инновациялық, инфрақұрылымдық, жоғары технологиялық мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларға тарту мәселелерін қоса алғанда, әйелдердің экономикалық және саяси мүмкіндіктерін кеңейтуге қатысты болды. Сондай-ақ, еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде әйелдердің рөлін арттыру және әйелдердің билік органдарында өкілдігін қамтамасыз ету мәселелері қозғалды¹².

2022 жылғы наурыздағы деректер бойынша халықтың жалпы санынан әйелдердің үлесі – 51,4%-ды, ерлердің үлесі – 48,6%-ды құрады. Ел халқының едәуір үлесін әйелдер құрайтынына қарамастан, Қазақстан Республикасында гендерлік теңдікті қамтамасыз ету саласында кейбір проблемалық аспектілер байқалады. Атап айтқанда, Қазақстан жыл сайын халықаралық рейтингте гендерлік алшақтық индексі бойынша өз позициясын төмендетіп келеді (Gender Gap Index). 2022 жылы Қазақстан 10 жыл ішінде алғаш рет 15-ші позицияға көтерілді. Алайда әлі де айтарлықтай гендерлік алшақтық бар. Саяси мүмкіндіктер мен экономикалық қатысуды кеңейту салаларында ең көп гендерлік алшақтық байқалады. Ұзақ мерзімді перспективада бұл ұлттық адами капиталдың бәсекеге қабілеттілігіне әсер етуі мүмкін. Сондықтан Қазақстандағы гендерлік теңсіздік ерекшеліктерін егжей-тегжейлі зерделеу және елдегі гендерлік теңдікті нығайту бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу маңызды.

Орталық және жергілікті атқарушы билік органдарында әйелдердің өкілдік етуінің төмен деңгейі байқалады. 2021 жылғы деректер бойынша ҚР Үкіметі құрамындағы әйелдердің үлесі – 9%-ды, облыс әкімі лауазымындағы әйелдердің үлесі – 5,9%-ды, барлық 17 өңірде әкімдердің орынбасары лауазымындағы әйелдердің үлесі – 9,3%-ды құрады. Облыстар, астана, республикалық маңызы бар қалалар әкімдерінің және олардың бірінші орынбасарларының жалпы құрамындағы әйелдер – 9,5%-ды құрады¹³.

Еңбек ресурстарын салалар бойынша бөлуде теңгерімсіздік байқалады: білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау саласындағы жалдамалы жұмыскерлердің 70%-дан астамын әйелдер құрайды, ал қаржы және мемлекеттік секторларда әйелдер олардың жартысынан сәл жоғырысын құрайды. Секторлардың бұл түрлері, әдетте көбінесе ер адамдар айналысатын құрылыс, мұнай-газ секторы, кен өндірісі, көлік сияқты салалармен салыстырғанда аз табыс әкеледі. 2020 жылғы деректер бойынша құрылыс саласындағы әйелдердің үлесі – 23,3%-ды, өнеркәсіп

¹² <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048>

¹³ https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=71&slug=-58&cat_id=9&lang=ru

саласында – 31,7%-ды, ауыл, орман шаруашылығы және балық шаруашылығы саласында – 42,4%-ды, көлік және қаттау саласында – 23,3%-ды, кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет саласында – 49,9%-ды, білім беру саласында – 72,1%, денсаулық сақтау саласында – 72,3% құрады¹⁴.

Ерлер мен әйелдердің жалақысындағы айырмашылық өзекті мәселе болып табылады, ол бүгінгі күні шамамен 22%-ды құрайды¹⁵.

Гендерлік саясат саласындағы басқа да өзекті мәселелер, әсіресе ауылдық жерлерде репродуктивті денсаулық қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, әйелдердің экономикалық және саяси ұстанымдарын арттыруға кедергі келтіретін гендерлік стереотиптерді еңсеру, әйелдер кәсіпкерлігін қолдау, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемасы, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл, виктимблейминг феномені (агрессорды емес, ол өзі зорлық-зомбылыққа арандатты деп жәбірленушіні айыптау) болып табылады.

2021 жылғы ҚҚДИ жүргізген сауалнама деректеріне сәйкес қазақстандықтардың 26,5%-ы өздері таныс отбасыларда тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларын байқаған, бұл осы проблеманың таралғанын айғақтайды. Соңғы 5 жылда Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жағдай нашарлағанын 32,4%-ы атап өтті. Ауылдық жерлердің тұрғындары қала (4%) тұратындарына қарағанда Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасы (11,6%) жоқ деп санайды, бұл ауылдық жерлердегі халықпен ақпараттық жұмысты күшейту қажеттілігін көрсетеді¹⁶.

Бүгінгі таңда әлемдік қатынастар, білім, ғылым, мәдениет, әлеуметтік саясат жүйесіндегі гендер және гендерлік теңдік тұжырымдамасы әлеуметтік қатынастар мен өзара іс-қимылдың жаңа тәсілі, жаңа моделі ретінде қарастырылуда. Сонымен қатар, әйелдердің саяси өмірге қатысуы демократияны дамытудың және тиісті басқарудың негізгі шарттарының бірі болып табылады, өйткені әйелдер көбінесе қоғамдық мүдделер мен мәселелерді кең көлемде қарастыруға тырысады.

Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету процесі әйелдер мен ерлердің өз құқықтарын іске асыруда тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктерін талап етеді. Сондықтан жергілікті контексті ескере отырып, гендерлік саясат мәселелерін зерделеу, осы саладағы проблемаларды анықтау және оларды шешу жолдарын ұсыну әрқашан өзекті болып табылады.

Осы зерттеу шеңберінде ерлер мен әйелдердің экономикалық, саяси және өзге де мүмкіндіктерін іске асырудың, олардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің негізгі аспектілерін зерделеу маңызды болып табылады.

Зерттеудің мақсаты және міндеті

Зерттеудің мақсаты – гендерлік саясат саласындағы проблемалық аспектілерді талдау, қазақстандық қоғамдағы гендерлік саясаттың ерекшелігі мен про-

¹⁴ «Қазақстанның әйелдері және ерлері» статистикалық жинағы, 2016-2020. ҚР СЖРА ҰСБ.

¹⁵ https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=18&slug=-14&cat_id=7&lang=ru

¹⁶ «Қазақстан Республикасындағы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл» ұлттық баяндамасы/ А.Е.Есенбаев, А.С.Кайдарова, А.Қ.Рақышева, О.В.Николаева, Д.М.Айкенова, С.П.Тұрсынбекова, А.С.Жолдыбалина, Х.Қ.Әжіғұлова, М.Х.Хасенов, А.Н.Родионов, Л.Т.Культемирова., Г.М.Молдақұлова, А.М.Әшімова, А.И.Досмухамбетова, Б.Қ.Ермекбаева – Нұр-Сұлтан: 2021. – 300 б.

блемаларын ескере отырып, қоғамдық-саяси қызмет саласында әйелдер мен ерлердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін іске асырудың тиімді жолдарын анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі негізгі зерттеу міндеттерін шешу қажет болды:

1. Табысты тәжірибелерді анықтау мақсатында гендерлік саясатты дамытудың шетелдік тәжірибесін зерделеу.
2. ҚР гендерлік саясатты іске асыру тетіктерін зерделеу және проблемалық аспектілерді шешу жолдарын іздеу.
3. Гендерлік теңдікті ілгерілету, әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы халықтың хабардар болуын зерттеу.
4. Сандық және сапалық әдістерді қолдана отырып, әлеуметтанулық зерттеу жүргізу және зерттеу негізінде практикалық ұсыныстар жасау.

Зерттеу гипотезасы

- 1) Қазақстанда әйелдер жұмыспен қамтылуда, білім алуда және отбасылық жағдайға байланысты өз құқықтарын қорғауда мүмкіндіктері тең емес.
- 2) әйелдің рөлі көбінесе ана болу мен тұрмысқа шығу, ақы төленбейтін бала күтімі мен үй тірлігін жасауға байланысты; ер адамның рөлі - басты табыс табушы.
- 3) әйелдерді билік органдарына тарту дәрежесі жеткілікті жоғары емес, бұл тиісінше мемлекеттік саясатқа ықпал етуге мүмкіндік бермейді.
- 4) Қазақстан азаматтарының гендерлік құқықтарын реттейтін нормативтік құжаттар туралы халықтың хабардар болу көрсеткішінің төмендігі.

Зерттеу нысаны және тақырыбы

Зерттеу нысаны – Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат.

Зерттеу тақырыбы – Қазақстан Республикасында гендерлік саясатты іске асыру процестері мен тетіктері, халықтың жүзеге асырылатын саясатты қабылдауы.

Іріктеу көлемін анықтау

Жаппай сауалнама үшін іріктеменің жиынтық көлемі Қазақстанның барлық өңірлерінен (республикалық маңызы бар қалаларды қоса алғанда) 1200 респондентті құрады. Сауалнама 18 және одан жоғары жастағы Қазақстан азаматтары арасында жүргізілді.

Үй шаруасындағы респонденттерді іріктеу әдісі квота (гендерлік тиістілік және жас) бойынша жүзеге асырылды. Жаппай сауалнама үшін іріктеме жиынтығы ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде мынадай параметрлер) бойынша есептелді: облыс/республикалық маңызы бар қала, респонденттердің жынысы, жасы, елді мекеннің түрі (қала/ауыл).

Қалалар мен облыстар бөлінісіндегі іріктеме құрылымы (14 облыс және Нұр-Сұлтан¹⁷, Алматы, Шымкент қалалары)

Облыс	Іріктеу жиынтығы								
	Саны	Қала	Ауыл	Ерлер	Әйелдер	Жас топтары			
						18-28	29-45	46-60	61+
Қазақстан Республикасы	1200	729	471	565	635	18-28	29-45	46-60	61+
Ақмола	50	24	26	24	26	10	17	13	10
Ақтөбе	57	41	16	27	30	11	23	14	9
Алматы	126	29	97	61	65	25	47	32	22
Атырау	39	21	18	18	21	9	16	9	5
Батыс Қазақстан	43	22	21	20	23	8	16	11	8
Жамбыл	66	26	40	32	34	15	23	17	11
Қарағанды	93	75	18	43	50	17	34	23	19
Қостанай	62	36	26	29	33	10	22	16	14
Қызылорда	48	21	27	24	24	12	17	12	7
Маңғыстау	41	17	24	20	21	10	17	9	5
Павлодар	52	37	15	24	28	9	18	14	11
Солтүстік Қазақстан	38	18	20	18	20	7	11	10	10
Түркістан	110	21	89	55	55	30	39	26	15
Шығыс Қазақстан	93	59	34	43	50	15	32	24	22
Нұр-Сұлтан қ.	78	78	0	36	42	17	34	17	10
Алматы қ.	140	140	0	61	79	27	62	29	22
Шымкент қ.	64	64	0	30	34	17	25	14	8

Бастапқы әлеуметтанулық ақпаратты жинауда пайдаланылатын әдістердің сипаттамасы

Зерттеудің негізгі әдісі ретінде жаппай сауалнама қолданылды. Сауалнама әдісі респонденттердің пікірлері мен бағалауында көрсетілген зерттелетін проблема бойынша ақпарат алуға және қысқа мерзімде көп адамды қамтуға мүмкіндік берді. Бұл әдістің ерекшелігін оның анонимділігі деп (респонденттің жеке басы тіркелмейді, оның жауаптары ғана тіркеледі) атауға болады.

Гендерлік бюджеттеу мәселелері және гендерлік теңдіктің институционалды аспектілері бойынша толық ақпарат алу үшін «Гендерлік теңдіктің институционалды негіздері» 2-тарауы бойынша 10 сараптамалық сұхбат өткізілді. Сарапшылар ретінде хатшылықтың Тұрақты даму мақсаттары жөніндегі өкілі; Қарағанды облысы әкімдігі жанындағы Ұлттық комиссияның мүшесі; феминистік қоғамдастықтың өкілдері, әлеуметтанушы-талдаушылар, гендерлік зерттеулер саласындағы мамандар, отбасылық саясат саласындағы мамандар сұхбат берді.

Инструментарий құрылымы

Деректерді жинау техникасы белгілі бір ережелерге сәйкес тұжырымдалған және өзара байланысты бірқатар мәселелерді қамтитын логикалық құрылымдалған сауалнама болды. Сауалнаманың ерекшелігі мен сапасы, оның құрылымы, сұрақ құра-

¹⁷ Осы жерде және бұдан әрі: 2022 жылғы 19 қыркүйектен Нұр-Сұлтан қ. ресми түрде Астана қ. болып қайта ауыстырылды.

стыру ерекшелігі бір-бірімен тығыз байланысты және сауалнама әдісінің түрімен анықталды.

Жаппай сауалнама сұрағының құрылымы бес блоктан тұрды:

1. Гендерлік теңдікті және гендерлік ағартуды дамыту
2. Экономикалық қатысу және мүмкіндіктер
3. Зорлық-зомбылықтың алдын алу және қауіпсіздік
4. Ерлер мен әйелдердің саяси қызметке және бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуы
5. Әлеуметтік-демографиялық блок

Сұрақтарды құрастыру – сауалнаманы жасаудың ең қиын кезеңі болып табылады. Сауалнаманың сұрақтары респонденттерге түсінікті, грамматикалық және лексикалық тұрғыдан қарапайым болды, олардың жалпы даму деңгейін, мәдени ерекшеліктерін және зерттеу тақырыбына қатысты саладағы хабардарлық дәрежесі ескерілді.

Сарапшылармен терең сұхбат жүргізу төрт негізгі блоктан тұрды:

1. Кіріспе блок
2. Негізгі блок
3. Аяқтау блогы
4. Сарапшы туралы мәліметтер.

Ақпаратты өңдеу әдістемесі және есепті ұсыну түрі

Әлеуметтанулық сауалнама қорытындысы бойынша SPSS (Statistical Package for the Social Sciences) бағдарламасында деректерді өңдеу жүзеге асырылды. Терең сұхбат деректері диктофонға жазылып, кейіннен транскрипцияланды (ақпараттың мәтінінің түсіндіруі).

Зерттеу кезеңі: 2022 жылғы наурыз – сәуір.

1 ТАРАУ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК ЖӘНЕ ГЕНДЕРЛІК АҒАРТУДЫ ДАМУ

1.1. Қазақстандағы гендерлік теңдік саласындағы ағымдағы жағдай

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында гендерлік теңдікті дамыту бойынша бірқатар шаралар кешені қабылдануда. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы жандандырылды. Әйелдердің қоғамдағы экономикалық және саяси ұстанымдарын барынша қолдауды қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор басшылығындағы әйелдер санын 30%-ға дейін арттыруға, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға, гендерлік ағартуды ілгерілетуге, ана мен баланы қолдауға басты назар аударылды.

Елімізде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия жұмыс істейді, өңірлерде тиісті консультативтік-кеңесші органдар бар. Көптеген өңірлерде әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары ашылды, оқыту, кооперация және қажетті құзыреттерді қалыптастыру арқылы кәсіпкер әйелдердің экономикалық белсенділігін арттыру мақсатында олардың санын ұлғайту жоспарлануда. Әйелдердің өзінің қабілетін іске асыру мүмкіндіктерін кеңейту үшін әйелдерге тыйым салынған мамандықтар тізімі жойылды.

Дүниежүзілік экономикалық форумның (бұдан әрі – ДЭФ) 2021 жылғы есебіне сәйкес Қазақстан Республикасы гендерлік алшақтық деңгейі бойынша 156 елдің ішінде 80-орынды иеленді. Салыстыру үшін 2016 жылы Қазақстан 147 елдің ішінде 52 – орынды, ал 2020 жылы 153 елдің ішінде 72-орынды иеленді¹⁸. 2022 жылы Қазақстан гендерлік алшақтық деңгейі бойынша бірден 15-позицияға көтерілді. 146 елдің ішінде ол гендерлік алшақтық индексіне сәйкес 65-орынға ие болды (Global Gender Gap Index). Қазақстан бұл рейтингте 2012 жылдан бастап 10 жыл ішінде алғаш рет 31-ші орынға көтерілгенін атап өткен жөн. 2021 жылға дейін рейтингтегі позициялардың жыл сайын төмендеуі байқалды. ДЭФ индексі бойынша ең үлкен гендерлік алшақтық «саяси қатысу» және «экономикалық қатысу мен мүмкіндіктер» көрсеткіштері бойынша байқалады. «Экономикалық қатысу және мүмкіндіктер» көрсеткіші индикаторларының қатарына: ұқсас жұмыс үшін тең ақы төлеу, еңбек нарығындағы ерлер мен әйелдердің үлесі, басшылар мен жоғары лауазымды тұлғалардың гендерлік бөліністегі үлесі, кәсіптік-техникалық қызметкерлердің үлесі кірді. «Саяси қатысу» көрсеткіші индикаторларының қатарына: Парламенттегі әйелдердің үлесі, министр лауазымындағы әйелдердің үлесі, Мемлекет басшысы лауазымындағы әйелдердің үлесі кірді. Ең елеулі өзгерістер «білім» көрсеткіші бойынша байқалады. Мұнда бірден 38-ші позицияға көтерілді, осы көрсеткіш бойынша қосалқы индекс алғаш рет максималды мәнге жетті (1.1.1-кесте).

¹⁸ <https://www.weforum.org/reports/global-gender-gap-report-2021>


1.1.1-кесте. Қазақстанның гендерлік алшақтық индексі бойынша рейтингісі

Гендерлік алшақтық индексінің қосалқы индекстері	2006 (индексті өлшеудің бірінші жылы)		2020		2021		2022	
	Әлемдік рейтингтегі орыны	Гендерлік алшақтық индексі	Әлемдік рейтингтегі орын	Гендерлік алшақтық индексі	Әлемдік рейтингтегі орыны	Гендерлік алшақтық индексі	Әлемдік рейтингтегі орыны	Гендерлік алшақтық индексі
Гендерлік алшақтық индексі	32	0.693	72	0.710	80	0.710	65	0.719
Экономикалық қатысу және мүмкіндіктер	16	0.713	37	0.742	47	0.728	29	0.756
Білім беру	53	0.990	63	0.995	65	0.995	27	1.00
Денсаулық және өмір сүру	36	0.979	74	0.975	55	0.975	44	0.977
Саяси құқықтар мен мүмкіндіктерді кеңейту	69	0.089	106	0.130	106	0.141	103	0.143
	Индекс 115 елде өлшенді		Индекс 153 елде өлшенді		Индекс 156 елде өлшенді		Индекс 146 елде өлшенді	

Дереккөз: Gender gap index

Бұл ретте қазақстандық қоғамдағы гендерлік теңсіздік проблемасы өз өзектілігін сақтап отыр. «Сіз қалай ойлайсыз, Қазақстанда ерлер мен әйелдер арасында теңсіздік бар ма?» сұрағына респонденттердің тек 49,9%-ы ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктері бар деп жауап берді. Қазақстандықтардың 43,6%-ы ерлердің мүмкіндіктері көбірек деп есептейді, ал 4%-ы ғана әйелдердің мансап құру және қоғамдық өмірге қатысу мүмкіндіктері көбірек деп есептейді (1.1.1-сурет).

1.1.1-сурет. Сіздің ойыңызша, Қазақстанда ерлер мен әйелдер арасында теңсіздік (мансап құру, қоғамдық өмірге қатысу мүмкіндіктеріндегі айырмашылық) бар ма? (%)



Деректерді гендерлік бөліністе бөлу респонденттің жынысына байланысты гендерлік теңсіздіктің болуы туралы сенімділікте айтарлықтай айырмашылықты көрсетпейді. Ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері тең деген көзқарасты әйелдердің 51,2% және ерлердің 48,5% ұстанады (1.1.2-кесте).

1.1.2-кесте. Сіздің ойыңызша, Қазақстанда ерлер мен әйелдер арасында теңсіздік бар ма? (%)

	Ерлер	Әйелдер
Иә, ерлердің мүмкіндіктері көп	44,6	42,7
Иә, әйелдердің мүмкіндіктері көп	4,2	3,8
Жоқ, ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері тең	48,5	51,2
Жауап беру қиын	2,7	2,4

«Ерлердің рөлі, олардың Қазақстандағы отбасылық өмірге және балаларды тәрбиелеуге қатысу дәрежесі»¹⁹ ұлттық әлеуметтанулық зерттеуінің деректері бойынша ерлердің 68%-ы және әйелдердің 83%-ы Қазақстанда гендерлік теңдікке қол жеткізу бойынша одан әрі жұмыс қажет деген көзқарасты ұстанады.

«Стратегия» ӘСЗО ҚҚ зерттеуінде (2022 ж.) респонденттер барлық салаларда әйелдер мен ерлердің теңдігіне қол жеткізуді тежейтін негізгі кедергі әйелдердің қоғамдағы рөлі мен орны туралы дәстүрлі стереотиптердің басым болуын атады. Аталған себеп рейтингтің басында тұрғаны қоғамда гендерлік теңдікті орнату үшін саяси және экономикалық кедергілердің ғана емес, сондай-ақ ментальді шектеушілерді қалыптастырған қоғамдағы әйелдер мен ерлердің жағдайына мәдени-адамгершілік және дәстүрлі көзқарастардың маңыздылығы туралы ойлануға мәжбүрлейді (1.1.3-кесте).

1.1.3-кесте. Қоғам өмірінің барлық салаларында әйелдер мен ерлердің теңдігіне қол жеткізу процесін тежейтін екі негізгі кедергіні атаңыз (%)


Гендерлік теңдікке кедергі келтіретін факторлар	2015	2022
Әйелдердің қоғамдағы рөлі мен орны туралы дәстүрлі стереотиптердің басым болуы	39,9	42,4
Ерлермен салыстырғанда әйелдердің еңбегіне ақы төлеудің төмен деңгейі	26,4	29,9
Қоғамның гендерлік теңдік қажеттілігін жеткіліксіз түсінуі	29,2	22,9
Мемлекет деңгейінде әйелдердің мүдделерін қолдаудың жеткіліксіздігі	21,9	18,8
Әйелдердің шешім қабылдау процесіне нашар қатысуы	15,2	10,6
Әйелдердің саяси және экономикалық белсенділігінің әлсіздігі	24,2	10,3
Гендерлік стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыруға арналған қаржы ресурстарының тапшылығы	11,2	7,7
Негізгі экономикалық мемлекеттік бағдарламаларда гендерлік тәсілдердің болмауы	3,9	6,6
Гендерлік саясатты іске асыру бойынша үздіксіз мониторинг пен есептіліктің болмауы	5,6	4,2
Басқа	1,1	0,5
Жауап беру қиын	0,6	10,3

Дереккөз: «Стратегия» ӘСЗО ҚҚ

¹⁹ «Ерлердің рөлі, олардың Қазақстандағы отбасылық өмірге және балаларды тәрбиелеуге қатысу дәрежесі» ұлттық әлеуметтанулық зерттеуі (іріктеу 1215 респондент), 2021ж. <https://kazakhstan.unfpa.org/ru>

Фридрих Эберт қоры қазақстандық жастар арасында жүргізген сауалнама нәтижелеріне сәйкес 86,2%-ы ешқашан гендерлік кемсітушілікке тап болған емес, сауалнамаға қатысқан жастардың 9,7%-ы кейде гендерлік кемсітушілікке тап болған және респонденттердің 1,9%-ы бұл проблемаға жиі тап болғандығын көрсетті (1.1.2-сурет).

1.1.2-сурет. Сіз бұрын-соңды жынысы бойынша кемсітушілікке тап болдыңыз ба? (%)



Дереккөз: Friedrich-Ebert-Stiftung Kazakhstan, 2021 ж.

Гендерлік саясатты іске асыру саласындағы тағы бір маңызды аспект ерлер мен әйелдердің репродуктивті денсаулығын қорғау болып табылады. Қазіргі уақытта мемлекет осы бағытта бірқатар шаралар қабылдауда. 2021 жылы денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық техникамен жасақталуы 77%-ға дейін, оның ішінде 71,4% – акушерлік және гинекология, 65% – анестезиология және реанимация, 70,7% – педиатрияда ұлғайды²⁰. 2021 жылы мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде 1500 орын, оның ішінде 113 акушер-гинеколог, 69 неонатолог, 111 педиатр, сондай-ақ 70 қоғамдық денсаулық сақтау маманы бөлінді²¹.

2021 жылдан бастап ЭҚҰ квоталарын 7 есеге ұлғайта отырып, «Аңсаған сәби» арнайы бағдарламасы іске қосылды, оған республикалық бюджеттен 6 млрд.теңгеден астам қаражат бөлінді. 2021 жылы «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында 7000 әйелге ЭҚҰ жүргізілді, есепке 3 000-ға жуық жүкті әйел тұрды, 360-қа жуық, оның ішінде 181 әйел және 179 ер жынысты бала дүниеге келді²².

Қабылданған шараларға қарамастан, халықтың репродуктивті денсаулығын қорғау саласында бірқатар проблемалық тұстарын бөліп көрсетуге болады. **Бірінші проблема кадр тапшылығы болып табылады.** Жергілікті атқарушы

²⁰ Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесіне шолу: 2021 жылдың қорытындысы. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық сайты <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/obzor-kazahstanskoy-sistemy-zdravoohraneniya-itogi-2021-goda-1933931>

²¹ ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мемлекеттік органының 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарының іске асырылуы туралы есебі (әзірлеуші-мемлекеттік органның атауы) Нұр-Сұлтан, 2021ж.

²² Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000384>

органдардың деректері бойынша 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша денсаулық сақтау жүйесіндегі дәрігерлердің жалпы тапшылығы шамамен 7 мың штаттық бірлікті құрады. Мамандықтар бойынша дәрігерлердің тапшылығы келесі бағыттар бойынша байқалады: жалпы практика (480,5), анестезиолог-реаниматологтар (416,25), педиатрлар (256,5), терапевттер (333,5), акушер-гинекологтар (233,25)²³. Осылайша, акушер-гинекологтар мамандар тапшылығы бойынша 5-орында тұр. Бір қызығы, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің есебінде уролог-андрологтардың тапшылығы мәселесі айтылмаған, бұл проблеманың жоқтығымен емес, оны дұрыс бағаламаумен байланысты. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында отандық денсаулық сақтаудың дербес кластері ретінде ерлер денсаулығын қамтамасыз етуге тиісті көңіл бөлінбейтіндігі де атап өтілген.

Келесі проблема елімізде сәбилер мен аналар өлімінің өсуі болып табылады. 2021 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша нәресте өлім-жітімінің көрсеткіші 7%-ға ұлғайды және 2020 жылғы ұқсас кезеңдегі 7,79-ға қарағанда 1000 тірі туған нәрестеге шаққанда 8,35-ті құрады. 2021 жылы да нәресте өлім-жітімінің коэффициенті 2020 жылғы қаңтарда 7,06-дан 2021 жылғы қаңтарда 1000 туылғанға 8,79-ға дейін өсті. 2022 жылдың бірінші тоқсанында өсу үрдісі: 2021 жылғы қаңтар-сәуірде 8,07-ден 2022 жылғы қаңтар-сәуірде 1000 туылғанға 8,76-ға дейін бұрынғысынша сақталды²⁴. Нәрестелер өлім-жітімінің ең жоғары көрсеткіштері Қызылорда облысында, Шымкент қаласында, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстарында байқалды (1.1.4-кесте).

Нәрестелер өлімі коэффициентін төмендету әрдайым жоспарлы болып табылатынын айта өткен жөн. Ғылым мен медицина бір орында тұрмайды, олар дамуы тиіс, ал сәбилер өлімінің деңгейі ұзақ мерзімді перспективада төмендеуі тиіс. Басқаша айтқанда, бұл көрсеткіштің белгілі бір мағынада төмендеуі жетістік емес, норма болып табылады. Сонымен қатар, оның өсуі алаңдатарлық белгі болуы мүмкін. Бұл тек экономикалық қана емес, факторлардың жиынтығына да байланысты. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы нәресте өлімін «белгілі бір өңірдегі өмір сапасының интегралды көрсеткіші» деп таниды. Бұл көрсеткіш жалпы денсаулық жағдайын және өңірлер мен жалпы ел халқының өмір сүру деңгейін сипаттайды.

1.1.4-кесте. Қазақстан Республикасындағы нәрестелер өлімінің коэффициенті

Өңір	2021 қаңтар	2021 қаңтар-сәуір	2022 қаңтар	2022 қаңтар-сәуір
Қазақстан Республикасы	7,06	8,07	8,79	8,76
Ақмола	3,19	5,13	3,40	4,41
Ақтөбе	7,42	11,02	8,33	8,37
Алматы	8,18	7,23	10,20	9,28
Атырау	14,30	10,81	9,01	7,97
Батыс Қазақстан	6,49	6,73	8,47	12,64

²³ ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мемлекеттік органының 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарының іске асырылуы туралы есебі (әзірлеуші-мемлекеттік органның атауы) Нұр-Сұлтан, 2021ж.

²⁴ ҚР СЖРА ҰСБ, 2021 ж. <https://stat.gov.kz/official/industry>

Өңір	2021 қаңтар	2021 қаңтар-сәуір	2022 қаңтар	2022 қаңтар-сәуір
Жамбыл	6,38	7,69	6,20	8,06
Қарағанды	10,53	8,15	5,06	5,47
Қостанай	5,95	9,92	10,99	11,83
Қызылорда	5,55	8,71	17,29	14,07
Маңғыстау	8,32	10,86	5,22	8,33
Павлодар	10,63	7,08	9,91	8,05
Солтүстік Қазақстан	10,31	14,09	8,95	11,38
Түркістан	2,77	3,69	6,32	5,95
Шығыс Қазақстан	7,13	6,47	6,90	6,70
Нұр-Сұлтан қ.	3,24	6,07	13,46	7,97
Алматы қ.	10,03	10,22	7,02	8,30
Шымкент қ.	7,83	12,85	13,40	14,85

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2021 жылғы 12 айда елімізде ана өлімінің көрсеткіші 2020 жылмен салыстырғанда 22,6%-ға (1,2 есе) өсті және 100 мың тірі туғандарға шаққанда 36,5-тен 44,71-ді құрады²⁵. Индикатордың нақты мәні-жоспарлы мәні 35,0 болған кезде нысаналы халықтың 100 мың тірі туғандарына шаққанда 44,71.

2021 жылы осы индикаторға қол жеткізбеудің себебі аналардың «артық өлімінің» COVID-19 КВИ-дан өсуі болып табылады (барлық СӨ жағдайларының 70%). Бұл өсу КВИ Дельта штампының жоғары патогенділігімен, аурудың ауыр және найзағай жылдамдығымен, жүкті әйелдердің денесінің ерекшеліктерін ескере отырып, аналардың коморбидті жағдайымен, өкпе мен жүрек-тамыр жүйесінің диффузды зақымдалуымен, әйелдердің медициналық көмекке кеш жүгінуімен және постковидті асқынулармен байланысты болды. Индикатор 78,2% - ға жетті.

Тағы бір маңызды мәселе-медициналық көмектің сапасы. Халықтың 44,8%-ы репродуктивті денсаулықты қорғау саласындағы қызметтерді (дәрігерлердің қарауы, скринингтер және т. б.) соңғы 5 жылда пайдаланған. Әйелдер осы қызметтерді алу үшін ерлерге қарағанда жиі (тиісінше 53,4% және 34,4%) жүгінген. Азаматтар репродуктивті денсаулығын сақтау саласында көрсетілген қызметтерді 5 балдық шәкіл бойынша 3,7 балға бағалайды. Осы шәкіл бойынша 1- қанағаттанудың төмен деңгейін, 5 – жоғары дегенді білдіреді. Әйелдер бұл қызметтерге ерлерге қарағанда сәл жоғары (сәйкесінше 3,81 және 3,52) баға береді. Қала тұрғындары репродуктивті денсаулық саласындағы қызметтерді ауылдарға қарағанда біршама жоғары (сәйкесінше 3,76 және 3,61) бағалайды.

Облыстар бөлінісінде өзара байланыстылық талдауы өңірлік белгілері бойынша бағалаулардың айырмашылығын көрсетті. Репродуктивті денсаулықты қорғау саласында көрсетілген қызметтерге қанағаттану дәрежесі бойынша ең төмен бағаларды Түркістан (2,67), Батыс Қазақстан (2,92), Жамбыл (3,19), Маңғыстау (3,39) және Шығыс Қазақстан (3,57) облыстарының респонденттері берді (1.1.5-кесте).

²⁵ ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мемлекеттік органының 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарының іске асырылуы туралы есебі (әзірлеуші-мемлекеттік органның атауы) Нұр-Сұлтан, 2021ж.


1.1.5-кесте. Облыстар бөлінісінде репродуктивті денсаулықты қорғау саласында көрсетілген қызметтерге қанағаттану дәрежесінің 5-балдық шәкілі бойынша бағалау (1-қанағаттанған жоқ, 5-толық қанағаттанады)

Облыс	Орташа
Ақмола облысы	4,21
Ақтөбе облысы	3,91
Алматы облысы	3,80
Атырау облысы	4,09
Батыс Қазақстан облысы	2,92
Жамбыл облысы	3,19
Қарағанды облысы	3,85
Қостанай облысы	5,00
Қызылорда облысы	4,25
Маңғыстау облысы	3,39
Түркістан облысы	2,67
Павлодар облысы	3,96
Солтүстік Қазақстан облысы	3,74
Шығыс Қазақстан облысы	3,57
Нұр-Сұлтан қ.	3,91
Алматы қ.	3,51
Шымкент қ.	3,06
Барлығы	3,71

Қазақстандықтардың ең көп үлесі (53,7%) репродуктивті жүйені медициналық тексеруден өту үшін мемлекеттік клиникаларға, 30,3% – мемлекеттік және жеке меншік клиникаларға жүгінеді. Респонденттердің 15,4%-ы жеке клиникаларға және 0,2%-ы шетелдік клиникаларға жүгінеді.


Респонденттерге ананы қорғау, сондай-ақ ерлер денсаулығын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігі бойынша сұрақтар қойылды. Азаматтардың 52,5%-ы жалпы ана денсаулығын қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік саясат тиімді (жауап нұсқаларының жиынтығы «толығымен тиімді» (18,8%) және «өте тиімді» (33,7%) деп санайды. Қазақстандықтардың 16,1%-ы ана денсаулығын қорғау саласындағы саясат тиімсіз деп санайды және респонденттердің 5,2%-ы бұл саясаттың толық тиімсіздігі туралы айтты (1.1.3-сурет).

1.1.3-сурет. Сіздің ойыңызша, ананы қорғау (ана денсаулығын сақтау) мәселелері бойынша мемлекеттік саясат жеткілікті түрде тиімді ме? (%)



Сауалнамаға сәйкес ерлердің денсаулығын қамтамасыз ету жағдайы ана денсаулығын қорғаудан гөрі нашар. Осылайша, респонденттердің тек 42,5%-ы ерлер денсаулығын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясат қандай да бір дәрежеде тиімді (жауап нұсқаларының сомасы «толығымен тиімді» (17,4%) және «өте тиімді» (25,1%) деп санайды. Қазақстандықтардың 18,2%-ы ерлер денсаулығын қамтамасыз ету саласындағы саясат тиімсіз және респонденттердің 7%-ы бұл мүлдем тиімсіз деп санайды (1.1.4-сурет).

1.1.4-сурет. Сіздің ойыңызша, ерлер денсаулығын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясат жеткілікті ме? (%)



Осылайша, халықтың репродуктивті денсаулығын қамтамасыз ету саласында бірқатар проблемалар байқалады, атап айтқанда:


- медициналық кадрлардың жетіспеушілігі;
- медициналық қызмет көрсету сапасы, әсіресе ауылдық жерлерде;
- соңғы уақытта ана мен бала өлімінің өсуі.

Репродуктивті денсаулық салаларында мамандардың: әсіресе акушер-гинекологтар және уролог-андрологтардың жетіспеушілігі өзекті мәселе болып табылады. Ерлер денсаулығын қамтамасыз ету мәселесі ерекше назар аударуды талап етеді.

Гендерлік теңдікті дамыту және гендерлік алшақтықты жою ұзақ мерзімді процесс болып табылады. Statista жаһандық порталының болжамдары бойынша Орталық Азия мен Шығыс Еуропадағы гендерлік алшақтықты 134 жылдан кейін толық жоюға болады (1.1.5-сурет)²⁶. Бұл сандар екі өңір бойынша орташаланған және Қазақстан мен Орталық Азияның басқа да елдеріндегі гендерлік алшақтық рейтингісі Шығыс Еуропа елдеріне қарағанда әлдеқайда төмен екенін ескерсек, Қазақстандағы гендерлік алшақтықты жою жоғарыда көрсетілгеннен әлдеқайда ұзақ мерзімде болуы мүмкін.

²⁶ <https://www.statista.com/statistics/1211917/number-of-years-until-gender-gaps-are-closed-worldwide-by-region/>

1.1.5-сурет. 2021 жылғы жағдай бойынша бүкіл әлемдегі гендерлік алшақтықты жойғанға дейінгі жылдар саны, өңірлер бойынша



Дереккөз: Statista.com


Осылайша, мемлекет тарапынан бірқатар прогрессивті қадамдарға қарамастан, Қазақстандағы гендерлік теңсіздік проблемасы өз өзектілігін сақтап отыр. Әйелдердің экономикалық және саяси мүмкіндіктерін кеңейту саласында неғұрлым проблемалық аспектілер байқалады. Ең үлкен гендерлік алшақтық әйелдердің саяси құқықтары мен мүмкіндіктері саласында тіркелген.

Қазақстандық қоғамда гендерлік теңдіктің дамуына кедергі келтіретін негізгі фактор әйелдердің қоғамдағы рөлі мен орны туралы дәстүрлі көзқарастар мен стереотиптердің басым болуы болып табылады.

1.2. Гендерлік ағартуды дамыту

ҚҚДИ сауалнамасының деректері халықтың гендерлік теңдік саласындағы құқықтық хабардарлығының айтарлықтай төмен екендігін көрсетеді, бұл гендерлік ағартуды дамыту бойынша кешенді шараларды талап етеді. Респонденттердің тек 21%-ы Қазақстан Республикасында ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын реттейтін нормативтік құжаттарды біледі. Респонденттердің 21,8%-ы бұл туралы бірдеңе естіген және 56,3%-ы бұл туралы ештеңе білмейді (1.2.1-сурет).

1.2.1-сурет. Сізге Қазақстан Республикасында ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын реттейтін нормативтік құжаттар таныс па? (%)



Ауыл тұрғындары арасында ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын реттейтін нормативтік құжаттармен таныс емес адамдардың үлесі қалалық тұрғындарға қарағанда (тиісінше 64% және 51,4%) жоғары. Зерттеу нәтижелері гендерлік теңдік саласында, әсіресе ауылдық жерлерде халықпен ақпараттандыру жұмысын жүргізу қажеттілігін көрсетеді.

Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын реттейтін қазақстандықтарға белгілі нормативтік құжаттардың ішінде «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (58,1%), Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (58,1%), Адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы халықаралық құқықтық актілер жиі айтылады (29,8%) (1.2.1-сурет).

1.2.1-кесте. Сізге Қазақстан Республикасында ерлер мен әйелдердің тең құқықтарын реттейтін нормативтік құжаттар таныс па?

	%
Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы халықаралық құқықтық актілер	29,8
«Ерлер мен әйелдер үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктердің мемлекеттік кепілдіктері туралы» ҚР Заңы	29,0
«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі	58,1
ҚР Қылмыстық кодексі	44,4
2006-2016 жылдарға арналған ҚР гендерлік теңдік стратегиясы	8,4
ҚР 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы	14,4
«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы	22,8
Басқа (ҚР Конституциясы, адам құқықтары туралы халықаралық билль)	1,1
Жауап беру қиын	7,3

Респонденттердің хабардарлығы мен олардың білім деңгейі арасында тікелей байланыс бар. Гендерлік теңдік саласындағы нормативтік құжаттармен танысқан орта, аяқталмаған орта және арнаулы орта білімі бар қазақстандықтардың үлесі 12%-дан 17,6%-ға дейін жетеді. Осы құжаттарды білетін аяқталмаған жоғары және жоғары білімі бар респонденттердің үлесі осы топтардың әрқайсысында 29,6% құрады. Магистрлік және докторлық дәрежесі бар (тиісінше 52,2% және 50%) адамдар арасында гендерлік теңдік саласындағы нормативтік құжаттарды білетін сұралғандардың үлесі бәрінен жоғары.

Қазақстандық ерлер мен әйелдер қандай да бір дәрежеде («бірдеңе естідім» және «жақсы білемін, бірақ қатысқан жоқпын» жауаптарының жиынтығы) отбасы мен әйелдерді қолдау шаралары туралы хабардар екенін атап өткен жөн. Олардың ішінде: көп балалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (81,3%), атаулы әлеуметтік көмек (76,1%), жүктілік және босану бойынша демалыс (73,5%), жұмыс істейтін аналар үшін 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлем (73,5%), жұмыс істемейтін аналар үшін 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы (72,5%) бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы (71,4%). Респонденттер тек біліп қана қоймай, сонымен қатар отбасы мен әйелдерді қолдаудың кейбір мемлекет-


тік шараларын қолданады. Азаматтар ең алдымен мемлекеттік қолдаудың келесі шараларын: жүктілік және босану бойынша төлем (20,8%), бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы (20,2%), жұмыс істемейтін аналарға арналған 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы (17,7%), жүктілік және босану бойынша демалыс (17,3%), көп балалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны (7,1%) пайдаланады (1.2.2-кесте).

1.2.2-кесте. Айтыңызшы, Сіз отбасы мен әйелдерді қолдаудың қандай мемлекеттік шаралары туралы білесіз? (%)

Қолдау шаралары	Бірдеңе естідім	Жақсы білемін, бірақ қатысқан жоқпын	Білемін, қатыстым	Ештеңе білмеймін, естіген жоқпын
«Бақытты отбасы» Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінен аз қамтылған және көп балалы отбасыларға арналған тұрғын үй бағдарламасы	44,1	26,2	2,2	27,5
Көп балалы отбасылар, толық емес отбасылар, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй	40,7	25,8	2,0	31,5
Атаулы әлеуметтік көмек	44,2	31,9	4,8	19,1
Бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы	37,5	33,9	20,2	8,4
Жүктілік және босану бойынша төлем	36,8	33,2	20,8	9,2
Жұмыс істемейтін аналарға арналған 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы	38,2	34,3	17,7	9,8
Жұмыс істейтін аналар үшін 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлем	38,0	35,5	12,4	14,1
Көп балалы аналарға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы	42,3	39,0	7,1	11,6
Жүктілік және босану бойынша демалыс	37,4	36,1	17,3	9,2
«ҰМАЙ» әйелдер ипотекасы	27,8	14,0	0,8	57,4
ЕҚДБ-ның «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы (екінші деңгейдегі банктер)	26,3	10,8	0,5	62,4
«Даму» қорының бағдарламалары (субсидиялар, кепілдіктер, жеңілдікпен несие беру)	33,0	15,3	1,3	50,4
«Атамекен» қорының бағдарламалары (қаржылық емес қолдау, оқыту)	29,5	15,6	1,7	53,2
Жұмыспен қамту орталығынан мүгедек балалары бар әйелдер үшін, көп балалы аналар үшін бизнес ашуға гранттар	29,0	15,3	1,1	54,6
Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары	29,6	12,5	0,6	57,2

Көптеген қазақстандықтар Қазақстанда отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы іске асырылып жатқанын білмейді. «Сіз Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы туралы білесіз бе?» сұрағына респонденттердің тек 7,9%-ы «иә» деп жауап берді, 22,1%-ы бұл туралы бірдеңе естіген және 70%-ы бұл туралы ештеңе білмейді (1.2.2-сурет). Жоғары (12,3%) және магистрлік білімі бар (21,7%) респонденттер осы құжат туралы көбірек біледі. Осылайша, орта және кәсіптік-техникалық білім беру деңгейінде ағарту жұмыстарын жүргізу маңызды.

1.2.2-сурет. Сіз Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы туралы білесіз бе? (%)



Бүгінгі таңда гендерлік ағарту проблемасы өзекті болып табылады. Қазақстан азаматтары гендерлік саясат саласындағы заңнамаларға және әйелдердің экономикалық белсенділігін қолдау шараларына қарағанда, отбасы институты саласындағы мемлекеттік қолдау шаралары мен нормативтік құқықтық актілер туралы көбірек хабардар. Гендерлік ағарту ісі мемлекеттік гендерлік саясат пен осы саладағы қолдау шаралары туралы хабардар болуды ғана емес, гендерлік теңдіктің дамуына кедергі келтіретін гендерлік стереотиптер мен көзқарастарды еңсеру жөніндегі жұмысты да қамтуға тиіс.

2 ТАРАУ.

ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІКТІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ НЕГІЗДЕРІ

Тиісті құқықтық, институционалдық және құндылық-нормативтік негіздің болуы гендерлік теңдікті институционалдауға ықпал ететін маңызды элементтер болып табылады. Құқықтық база заңнаманы және оны іске асыру тетіктерін пысықтауды қамтиды. Институционалдық база тек мемлекеттік құрылымдар мен ұйымдарды ғана емес, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар мен азаматтық қоғамның басқа да институттарының қызметін қамтиды. Қазақстан Республикасында гендерлік теңдікті институционалдаудың қажетті элементі ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін нығайтуға бағдарланған нормалар мен құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктерін қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық салаларында гендерлік теңдік үшін жағдайлар жасауға қатысты негізгі қағидаттар мен нормаларды «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы реттейді. Мемлекет басшысының айтуынша 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы еліміздің құқықтық базасының маңызды элементі болып табылады, ал гендерлік мәселені шешу Қазақстанның өңірлік өлшемдегі сыртқы саясатының басымдықтарының бірі болып табылады²⁷. 2021 жылы ҚР Президенті Адам құқықтары саласындағы одан арғы шаралар туралы Жарлыққа қол қойды, оның негізгі бағыттарының бірі гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою болып табылады.

Гендерлік теңдікті іске асырудағы негізгі буын заңнама болып табылады. Бүгінгі таңда бұл салада мынадай проблемалық аспектілер байқалады:

1. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл тетіктерінің жетілмегендігі. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл саласында тиісті ведомствоаралық өзара іс-қимылдың және мемлекеттік басқарудың болмауына байланысты кемшіліктер бар. Сондай-ақ оның нормаларын дұрыс түсінуге және практикада қолдануға кедергі келтіретін заң техникасы мен терминологиялық сипаттағы кемшіліктер де бар. Заңда заң техникасының ережелері сақталмаған, атап айтқанда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған заңның мақсаттары мен міндеттері белгіленбеген. Тұжырымдамалық аппарат жетілдіруді қажет етеді. Отбасылық-тұрмыстық қатынастар ұғымы өте шектеулі және халықаралық тәжірибеге сәйкес келмейді, мұнда субъективті құрамға көптеген адамдар кіреді²⁸. Осыған байланысты ҚР Заңында отбасылық-тұрмыстық қатынастар ұғымын былайша кеңейту ұсынылады: «отбасылық-тұрмыстық қатынастар – ерлі-зайыптылар, бұрынғы ерлі-зайыптылар, бірге тұратын немесе бірге тұрған

²⁷ Мемлекет басшысының «Ұрпақ теңдігі» жаһандық форумында сөйлеген сөзі <https://www.akorda.kz/ru/prezident-kazahstana-vystupil-s-videoobrashcheniem-na-globalnom-forume-pokolnie-ravenstva-16616>

²⁸ https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z090000214/_z090214.htm

адамдар, жақын туыстар, ортақ баласы (балалары) бар адамдар арасындағы қатынастар, сондай-ақ туыстық, жекжаттық, бала асырап алу(бала асырап алудан) немесе баланы тәрбиелеуге қабылдау, бірге тұру жағдайында үй шаруашылығын бірлесіп жүргізуге өзара құқықтары мен міндеттерден туындайтын қатынастар». «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» ҚР Заңында жалпы, арнайы және жеке шаралар арқылы жүзеге асырылатын құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларының жүйесі көзделген. Алайда, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заңда²⁹. алдын-алу шараларын қамтитын жеке алдын-алу шараларының тізімі ғана берілген. Осыған байланысты жалпы алдын алудың мынадай шараларын қарастыру ұсынылады:

1) отбасы мәселелері жөніндегі уәкілетті орган әзірлейтін тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы жөніндегі шаралардың тиімділігіне талдау және бағалау жүргізудің орталықтандырылған мониторингін және әдіснамасын қамтамасыз ету;

2) стратегиялық жоспарлар мен аумақтарды дамыту бағдарламаларында тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша нысаналы индикаторларды айқындау;

3) тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы статистикалық деректерге мониторинг жүргізу, оларды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды талдау;

4) орталық және жергілікті деңгейлерде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы саласындағы іс-шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру;

5) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жай-күйіне, себептері мен жағдайларына, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы саласындағы заңнаманың тиімділігіне және заңнамаға сәйкес оны қолдану практикасына зерттеулер жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу;

6) тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы, ана, әке болуды, баланы қорғау, адам құқықтарын құрметтеу, жеке адамды дамыту және тәрбиелеу, кемсітушілікке жол бермеу, қоғамда, оның ішінде білім беру қызметі шеңберінде және бұқаралық ақпарат құралдарында мінез-құллықтың зорлық-зомбылық модельдеріне төзбеушілікті қалыптастыру бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу³⁰.

2. Сексуалдық бопсалауға қарсы іс-қимылдың жұмыс істейтін тетігінің болмауы. Бүгінгі таңда Қазақстан заңнамасында «сексуалдық бопсалау» термині жоқ. Сексуалдық бопсалаудың нақты жіктемесі және олар үшін жауапкершілік жоқ. Жанама түрде сексуалдық бопсалау үшін жауапкершілік Еңбек кодексінің, Қылмыстық кодекстің және әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің бірқатар баптарында қарастырылған. Бұл ретте әрбір бап құқық бұзушылықты өзінше айқындайды (2.1-кесте).

²⁹ https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30657323

³⁰ «Қазақстан Республикасындағы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы» ұлттық баяндама / А.Е.Есенбаев, Ә.С.Кайдарова, А.С.Рақышева, А.К.Николаева, Д.М.Айкенова, С.П.Тұрсынбекова А.С.Жолдыбалина, Х.Қ.Әжіғұлова, , М.Х.Хасенов, А.Н.Родионов, Л.Т.Күлтемірова, F.M.Молдақұлова, А.М.Әшімова, А.И.Досмұхамбетова, Б.Қ.Ермекбаева – Нұр-Сұлтан: 2021. – 300 б.

2.1-кесте. Бүгінгі таңда сексуалдық бопсалау жағдайларына жататын баптар

Құқық бұзушылықтың сипаттамасы	Дереккөз
Қорлау, яғни басқа адамның абыройы мен қадір-қасиетін әдепсіз түрде кемсіту	ҚР Қылмыстық Кодексі 131-бап. Қорлау
Барынша арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер	ҚР Қылмыстық Кодексі 293-бап. Бұзақылық
Жеке тұлғаларға қорлап тиісу	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 434-бап. Ұсақ бұзақылық
Әдепсіз сөздермен, әдепсіз мінез-құлықпен, қорлайтын жәбірлеумен, әдепсіз қимылдар (белгілер), заттармен білдірілген сыйламаушылықты көрсету	Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 80-1-бап. Медицина және (немесе) фармацевтика қызметкерлерінің заңды қызметіне кедергі келтіру Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 409-бап. Қазақстан Республикасының білім беру, дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамасын бұзу
Тәрбиелеу жалғастырумен сыйыспайтын, моральға қарсы қылықтар	ҚР Еңбек кодексі 52-бап. Еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу негіздері

Дереккөз: *ctcheck.kz*

Балаларға қатысты сексуалдық бопсалау бөлек бөлінбейді. 2022 жылдың мамыр айында елорданың автобустарының бірінде ер адам 12 жасар қызға қатысты орынсыз әрекеттер жасаған, ал құқық қорғау қызметкерлері «ұсақ бұзақылық» бабы бойынша әкімшілік іс қозғаған оқиға мысал бола алады. Кейде харассменттерді, соның ішінде балаларға қатысты «қоғамдық орындарда тиісу» деп жіктеледі. ҚР ӘҚБК 449 бабына сәйкес тиісу келесідей «Қоғамдық орындарда заттарды өзгеше тәсілмен сатып алу, сату, айырбастау немесе иемдену мақсатында кәсіпкерлік субъектісі болып табылмайтын адам жасаған, сондай-ақ бал ашу, қайыршылық, сексуалдық сипатта қызметтер көрсету не өзге де қызметтер көрсетуді күштеп таңу мақсатында тиісу, яғни мазалап өтініш білдіру – жеке тұлғаларға ескерту жасауға не бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады»³¹.

3. Төмен жалақы туралы жалған анықтама беру арқылы **алименттік берешектерді төлеуден жалтаруға немесе толық төлемеуге қарсы іс-қимыл тетігін толық пысықтамау**. ҚР ҚК 139-бабы ата-ананың кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеуден үш айдан астам жалтаруы алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны белгілей-

³¹ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексі (03.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен.) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235>

ді. Бірақ сонымен бірге жауапкерлер көбінесе кірістерін төмендетіп, алиментті толық төлемейді. Жауапкерлердің бір бөлігі өзін-өзі жұмыспен қамтығандар болып табылады не қосымша табысы тауып, зейнетақы аударымдарын жасамайды. Егер жауапкер жұмыссыз болса, онда алимент бойынша берешек орташа жалақы мөлшерінен есептеледі. Егер жауапкер – өзін-өзі жұмыспен қамтыған адам салық және зейнетақы аударымдарын жасамаса, онда алимент төлеу жұмыссыз ретінде есептеледі. Мұнда да бұрмалануы мүмкін. Себебі сотталушының кірісі елдегі ресми орташа жалақы деңгейінен едәуір төмен болуы мүмкін.

Жауапкерлердің, оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың кірісін бақылау тетігін неғұрлым егжей-тегжейлі пысықтау қажет.

Қазақстан Республикасында гендерлік теңдікті институтционалдау жолындағы келесі маңызды қадам гендерлік теңдік саласындағы уәкілетті органды құру болып табылады. Қазіргі уақытта бұл құрылым Қазақстанда жоқ. Бұл ретте ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия түріндегі консультативтік-кеңесші орган жұмыс істейді, оның негізгі міндеті қоғам өмірінің әртүрлі салаларындағы гендерлік алшақтықты қысқарту бойынша жұмыс болып табылады.

Сараптама қоғамдастығының кейбір өкілдерінің пікірінше гендерлік саясат саласында арнайы уәкілетті орган құру қажеттілігі бар.

«Мен отбасы министрлігін құруды ұсынар едім, егер бізде гендерлік саясат тек әйелдер құқығын қорғау ретінде қабылданса, онда отбасы министрлігі жанама түрде отбасындағы барлық мүшелерге: әйелдер, ерлер мен балаларға көмектеседі, мүмкін, тиімдірек болар еді. Олардың жеке бюджеті, жекелеген комитеттері мен департаменттері, жеке статистикасы болар еді»

(Қарағанды облысы әкімдігі жанындағы Ұлттық комиссияның мүшесі).

Сарапшылар арасында жаңа орган құру арқылы бюрократиялық аппаратты кеңейту ерлер мен әйелдердің тең құқықтарына қол жеткізу үшін тиімсіз деп болжайтын балама ұстаным бар. Осы пікірге сәйкес Қазақстанда гендерлік және экономикалық теңсіздікті қысқартуға қазіргі институттардың жұмыс істеуін дамыту мен жақсарту және азаматтардың саясатқа қатысуға сұранысын қанағаттандыру ықпал ететін болады:

«Бюрократиялық аппаратты ұлғайту – бұл гендерлік теңдік саясатын іске асыру үшін ең тиімділігі аз шешім. Бастамалар, қолданыстағы заңдар, ратификацияланған халықаралық актілер, мемлекеттік органдарда, Парламентте квоталар жұмыс істеуі үшін азаматтардың саясатқа қатысуы, бәсекелестік сайлау, саяси жүйеде тежемелік пен тепе-теңдіктің теңгерімділігі қажет» (әлеуметтанушы-талдаушы, гендерлік зерттеулер саласындағы маман).

«Менің ойымша, бүгінгі күні Конституция мен барлық заңнама гендерлік теңдік мәселелерін іске асыру үшін жеткілікті. Егер уәкілетті орган туралы айтатын болсақ, бүгінгі таңда Қазақстанда әзірше жеткілікті деп есептеймін. Себебі әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия бар, бірақ жетіспейтін жалғыз нәрсе, менің ойымша, бұл орган кеңесші орган ретінде жұмыс істейді. Бұл жерде негізінен жиі жиналыс болып тұрады, іс жүзінде жоғарыдан бақыланатын мандаттар көп» (Хатшылықтың тұрақты даму мақсаттары жөніндегі өкілі).

Қазіргі уақытта гендерлік саясат мәселелеріне әкімдіктер жанындағы мынадай министрліктер мен олардың бейінді басқармалары жетекшілік етеді:

- ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі отбасылық және гендерлік саясат мәселелерімен айналысады, отбасылық және гендерлік саясатты ақпараттық қамтамасыз ету мәселелерін шешу бойынша жұмысты жүзеге асырады;

- ҚР Денсаулық сақтау министрлігі – репродуктивті денсаулық, ана денсаулығын қорғау, ерлер денсаулығын сақтау;

- ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі – отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, осал топтарды әлеуметтік қолдау; еңбек және жұмыспен қамту мәселелері;

- ҚР Ішкі істер министрлігі – отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық, жыныстық зорлық-зомбылық;

- ҚР Оқу-ағарту министрлігі (атап айтқанда, Балалардың құқықтарын қорғау комитеті) – балаларға қатысты зорлық-зомбылық, оның ішінде балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық.

Отбасылық және гендерлік саясат саласындағы мүлдем жаңа уәкілетті органды құру шектен тыс төрешілдікке және жергілікті жерлерде проблемалық мәселелерді шешудің баяулауына алып келуі мүмкін. Сондықтан әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның өкілеттіктерін кеңейту, осы органды консультативтік-кеңесші органнан өкілетті органға ауыстыру туралы мәселені қарау ұсынылады. Бұл ретте өңірлердегі ахуал Комиссияның өңірлік өкілдіктерінің әкімдіктер жанындағы министрліктердің бейінді басқармаларымен өзара іс-қимылы арқылы шешілетін болады.

Гендерлік теңдіктің институционалдық негіздерін құру саласындағы кең таралған әлемдік практика гендерлік-бағдарланған бюджеттеуді енгізу болып табылады. Бұл тәжірибе әйелдер үшін жеке бюджетті білдірмейді. Бұл тең мүмкіндіктер саясатына немесе әйелдерді алға ілгерілетуге бағытталған бюджеттік қаражатпен шектелмейді, бірақ бүкіл бюджетті, кірістер мен шығыстарды қамтиды. Гендерлік сезімтал бюджеттеу гендерлік проблематиканы есепке алудың ажырамас бөлігі болып табылады, ал бюджетті әзірлеу мен саясатты әзірлеу тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылуы тиіс³².

Қазақстанда гендерлік бағдарланған бюджеттеуді енгізу жолындағы кедергілердің бірі гендерлік бюджеттеу процесін реттеуге бағытталған нормативтік-құқықтық актілердің болмауы болып табылады:

³² <https://rm.coe.int/1680596143>

«Міне, Қазақстанда гендерлік бюджеттеу тақырыбы он жылдан астам уақыт бойы талқыланып келеді. Бірақ ешқандай өзгеріс жоқ, өйткені ештеңе заңнамалық деңгейде өзгертілмеген. Егер гендерлік бюджеттеу процесін реттейтін заңдар, кодекстер, нормалар, құқықтар болмаса, онда бұл туралы ойлау тіпті күлкілі. Ал, яғни, біз тек ой жүгіртіп, мұның қаншалықты маңызды, қажет және жақсы екенін ғана айтамыз».

(Қарағанды облысының облыстық әкімдігі жанындағы ұлттық комиссия мүшесі).

Мамандардың пікірінше, гендерлік бюджеттеу елдімекеннің инфрақұрылымымен тығыз байланысты және бұл салада азаматтардың қажеттіліктері мен күнделікті өміріне байланысты көптеген мәселелер ескерілмеген:

«Біз перзентхана бар екенін, жарақат пункті бар екенін және мысалы, есіктің ені мен дәретханалардың мөлшері әртүрлі екенін ескере отырып, ауруханалар салуды қолға алмайынша, біз ешқашан гендерлік құқықтарды сақтау жағдайында болмаймыз. Егде жастағы әйелдер мен ер адамдар, арбадағы балалары бар аналар оларға көтеріліп, қандай да бір жолмен жайлылық, қауіпсіздікпен қозғалуы үшін тротуарларды салу керек екенін түсінбейінше, біз де гендерлік бюджеттеу тақырыбын ілгерілетпе алмаймыз. Әзірге біз бюджеттің қалалық мәслихаттар деңгейінде қалай бөлінетінін және неге әйелге емес, кезекті ер адамға ескерткіш салу керек деп шешіліп жатқанын түсінбейміз-бұл да үлкен мәселе».

(Қарағанды облысының облыстық әкімдігі жанындағы ұлттық комиссия мүшесі).

«Қаржы министрлігі мен бюджет саясатына жауапты адамдар тарапынан нақты көзқарас жоқ. Менің ойымша, мұндай мәселемен айналысатын барлық мемлекеттік қызметкерлер гендерлік бюджеттеудің мәнін түсінбейді. Сондықтан бұл мәселе орнында тұр. Егер қазір кем дегенде үш жылда бір рет бюджетті жоспарлау кезінде гендерлік талдауды енгізуді бастау қажет. Сонда қандай қаражат бар екенін анықтауға болады, бар бюджет көлемін тиімділікті арттыру үшін қайта бөлуге болады»

(Хатшылықтың тұрақты даму мақсаттары жөніндегі өкілі).

«Біздің ер адамдар Мәжілісте және Сенатта отырып, онда тек қаржы қорғанысы мен соғыс мәселелеріне ғана бас қатыруда, әйелдерге жақын проблемалар мен тақырыптар үшін бас көтерген әйелдер болмаса да, гендерлік бюджеттеу тақырыбы – бұл Қазақстанда енгізуге тырысатын және қайтадан формалды түрде болатын, шынымен жұмыс істемейтін кезекті халықаралық норма»


(Қарағанды облысының облыстық әкімдігі жанындағы ұлттық комиссия мүшесі).

Қазақстандықтардың гендерлік бағдарланған бюджеттеу туралы хабардар болуын анықтау мақсатында оларға: «Сіз гендерлік бюджеттеу деген не екенін білесіз бе?» сұрағы қойылды.

Сауалнама деректері бойынша қазақстандықтардың басым бөлігі (77,5%) гендерлік бағдарланған бюджеттеу дегеннің не екенін білмейді. 16,1% – бұл туралы бірдеңе естген және тек 6,4%-ы бұл ұғыммен таныс екенін мәлімдеген.

Респонденттердің жынысына байланысты гендерлік бюджеттеу туралы ақпараттандырылуында айтарлықтай айырмашылық байқалды. Ерлердің 78,9%-ы және әйелдердің 76,1%-ы осы ұғыммен таныс емес (2.1-сурет).

2.1-сурет. Респонденттердің гендерлік бюджеттеу туралы хабардар болуы (%)



Осылайша, Қазақстандықтардың гендерлік бюджеттеу туралы хабардар болу деңгейі өте төмен. Сарапшылардың пікірінше, оны енгізу үшін бірқатар дайындық шараларын жүргізу қажет, атап айтқанда гендерлік бюджеттеу процесін реттеуге бағытталған нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау қажет.

Сауалнама мен халықаралық зерттеулердің деректері Қазақстанда гендерлік теңсіздіктің бар екенін және бірқатар проблемалық мәселелердің бар екенін (тұрмыстық зорлық-зомбылық, сексуалдық бопсалау, гендерлік стереотиптердің таралуы, әйелдердің басшылық және саяси ұстанымдарға қол жеткізуінің қиындауы және т.б.) айғақтайды. Осыған байланысты ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияны консультативтік-кеңесші комиссиядан уәкілетті органға қайта квалификациялау туралы мәселені қарау ұсынылады.

Заңнамада пысықтау қажет негізгі жағдай бірінші кезекте әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, әсіресе сексуалдық бопсалауды, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықты және нәпсілік қол сұғушылықты болдырмау мәселелеріне қатысты.

3 ТАРАУ.

ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ МҮМКІНДІКТЕРІ

3.1 Әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту

Соңғы жылдары әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту саласында бірқатар оң өзгерістер байқалуда. Отбасылық міндеттерді еңбек қызметімен ұштастыру мүмкіндіктерін жасау мақсатында еңбек заңнамасында ата-аналардың икемді жұмыспен қамту және бала күтімі демалысына құқықтары туралы нормалар бекітілген. Сондай-ақ әйелдердің, жүкті әйелдердің және баласы бар әйелдердің еңбегін реттеу ерекшеліктерін бекітетін нормалар да көрініс тапты. Өзінің қабілетін іске асыруға және әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ететін прогрессивті қадам 2021 жылы әйелдердің еңбегін пайдалануды шектейтін жұмыстардың тізімін алып тастау болды. Бұл тізімде 200-ден астам мамандық болды.

Мемлекет әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың түрлі шараларын (жеңілдетілген несие беру, бағдарламалар мен субсидиялар, бизнесті дамытуға гранттар, әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары) ұсынады.

Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында негізгі басымдықтар ретінде биліктің атқарушы, өкілді және сот органдарында, мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік секторларда шешімдер қабылдау процестеріне тартылған әйелдердің кемінде 30% деңгейдегі өкілдігін қамтамасыз ету белгіленген. Бұл шара әйелдердің экономикалық және саяси құқықтары мен мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен өңірлерде **әйелдер кәсіпкерлігін дамытудың 17 орталығын** құрды. Аталған орталықтар әйелдердің бизнестегі проблемалары мен қажеттіліктерін анықтайды және менторлықты жүзеге асырады, оқытуды өңірдің қажеттіліктері мен мұқтаждықтарына қарай жүргізеді.

Респондент-әйелдерден сауалнама алу деректері бойынша олар баланың туылуы мен күтіміне, сондай-ақ осал отбасыларға көмек көрсетуге байланысты әртүрлі қолдау шаралары мен төлемдер туралы көбірек біледі. Мәселен, респонденттер көп балалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (42,2%), жұмыс істейтін аналарға арналған 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлем (37%), жүктілікке және босануға байланысты демалыс (34,9%) туралы жақсы біледі. Бұл ретте қазақстандық азаматшалар әйелдер кәсіпкерлігін ынталандыру және әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін қолдау шаралары туралы аз біледі. Экономикалық белсенділікті қолдау шараларының ішінде респонденттерге «Даму» (18%), «Атамекен» (15,7%) қорларының бағдарламалары, мүгедектігі бар балалары бар әйелдер үшін, көп балалы отбасылар үшін бизнес ашуға Жұмыспен қамту орталығының гранттары (16,7%) көбірек таныс (3.1.1-кесте).

3.1.1-кесте. Әйелдер өздері білетін не пайдаланған отбасы мен әйелдерді қолдау шаралары (респондент-әйелдер сауалнамасының деректері бойынша, %)

Шаралар	Бірдеңе естідім	Жақсы білемін, бірақ қатысқан жоқпын	Білемін, қатыстым	Ештеңе білмеймін, естіген жоқпын
Табысы төмен және көп балалы отбасыларға арналған «Бақытты отбасы» бағдарламасы	44,3	28,5	2,2	24,9
Мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған көп балалы, толық емес отбасылар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй	42,8	26,5	2,2	28,5
Атаулы әлеуметік көмек	44,6	32,8	7,7	14,8
Бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы	30,0	31,9	33,2	4,9
Жүктілік және босану бойынша төлем	29,3	31,3	33,9	5,5
Жұмыс істемейтін аналарға арналған 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы	31,7	33,9	29,0	5,5
Жұмыс істейтін аналар үшін 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша төлем	32,1	37,0	20,6	10,2
Көп балалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы	38,3	42,2	11,7	7,9
Жүктілік және босану бойынша демалыс	29,8	34,9	29,7	5,7
«ҰМАЙ» әйелдер ипотекасы	28,7	16,2	0,8	54,3
ЕҚДБ-ның «Бизнестегі әйелдер» бағдарламасы (екінші деңгейдегі банктер)	26,9	11,7	0,5	60,9
«Даму» қорының бағдарламалары (субсидиялар, кепілдіктер, жеңілдікпен кредит беру)	30,7	18,0	1,7	49,6
«Атамекен» қорының бағдарламалары (қаржылық емес қолдау, оқыту)	28,3	15,7	2,0	53,9
Жұмыспен қамту орталығынан берілетін мүгедек балалары бар әйелдер үшін, көп балалы отбасылар үшін бизнес ашуға арналған гранттар	29,6	16,7	0,8	52,9
Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталықтары	30,1	13,4	0,6	55,9

Жоғарыда келтірілген ақпаратты талдау келесі тұжырымдар мен болжамдар жа-сауға мүмкіндік береді.

Бірінші, әйелдердің кәсіпкерлікті қолдаудың қолда бар шаралары туралы хабар-дар болуының төмендігі. Осылайша, іс жүзінде барлық көрсетілген шаралар бой-ынша респонденттердің 50%-дан астамы олар туралы «ештеңе білмейтінін және естімегенін» атап өтті.

Екінші, әйелдер белсенділігінің жоғары болмауы. Кәсіпкерлікті қолдау құрал-дары туралы хабардарлықтың төмендігіне қарамастан, респонденттердің кейбір бөлігі «бірдеңе естігенін» (шамамен 30%), сондай-ақ «жақсы білетінін, бірақ қа-тыспағанын» (11%-дан 18%-ға дейін) атап өтті. Сонымен қатар, «олар не біледі және қатысты ма» деген сұраққа жауап берген респонденттердің үлесі өте төмен және 0,5%-дан 2,0%-ға дейін өзгереді. Бұл әйелдердің кәсіпкерлікпен айналысуына кедергі келтіретін тосқауылдардың болуын жанама түрде растауы мүмкін.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тіркелген шағын және орта кәсіп-керлік субъектілерінің (ШОК) саны 1 694 672 құрады, оның ішінде 737 753-ін әйел-дер басқарады. Осылайша, бүгінгі таңда әйелдер басқаратын ШОК субъектілерінің үлесі 30,3% құрады³³.

McKinsey зерттеу деректері бойынша әйелдердің экономикаға ерлермен тең дәрежеде қатысуы 2025 жылға қарай әлемдік ЖІӨ-ге 28 трлн. доллар, яғни 11-26% қосар еді. Бұл Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда, Таяу Шығыста және Солтүстік Африкада ЖІӨ-нің 9% - ға өсуін білдірер еді³⁴.

Сауалнамаға сәйкес әйелдердің 47,3%-ы өз ісін ашып, бизнеспен айналысқысы келеді. Өз ісін ашуға кедергі келтіретін ең көп таралған себептер ретінде әйелдер қаражаттың жетіспеушілігін (64,7%), тәжірибенің, білімнің жетіспеушілігін (33%), қорқыныш сезімдерін (22,4%) атады (3.1.2-кесте).

3.1.2-кесте. *Өзіңіздің бизнесіңізді ашуға не кедергі келтіреді?*

	Ерлер	Әйелдер
Қаражаттың жетіспеушілігі	65,4%	64,7%
Тәжірибе, білімнің жетіспеушілігі	26,4%	33,0%
Қорқыныш	14,2%	22,4%
Ері, зайыбы тарапынан тыйым салу	1,7%	1,9%
Туысқандар тарапынан тыйым салу	2,4%	2,9%
Жұмыс себебінен уақыттың жетіспеуі/болмауы	10,2%	10,3%
Үй шаруасымен айналысу қажеттілігіне байланысты уақыттың болмауы/ жетіспеуі	1,4%	8,7%
Сыбайлас жемқорлық	12,5%	7,1%

³³ https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=106&slug=2018-1&cat_id=6&lang=ru

³⁴ <https://kapital.kz/business/99356/dolya-zhenskogo-predprinimatel-stva-v-msb-rk-sostavlyayet-43-yebr.html>

	Ерлер	Әйелдер
Бюрократия	10,2%	7,1%
Ештеңе кедергі емес	13,6%	10,9%
Менің бизнесім бар	1,4%	0,6%
Жауап беру қиын	2,7%	1,9%

Еңбек нарығының негізгі индикаторларын талдау әйелдер мен ерлер статистикасындағы кейбір сәйкессіздіктерді көрсетеді.

2021 жылы жұмыс күші 9,2 млн. адамды құрады, оның ішінде ерлер – 4,7 млн. және әйелдер – 4,5 млн. Бұл ретте халық санындағы жұмыс күшінің үлесі 69,3%-ды, ерлер – 75,4%-ды және әйелдер – 63,9%-ды құрады. Жұмыспен қамтылған халықтың негізгі бөлігін (8,8 млн. адам) жалдамалы қызметкерлер – 6,7 млн., оның ішінде 3,4 млн. ерлер және 3,3 млн. әйелдер (3.1.3-кесте) құрады.

Жұмыссыздыққа қатысты кейбір статистика ерекше назар аударады. Мәселен, әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2019 жылғы 5,3%-дан 2021 жылы 5,5%-ға дейін тұрақты өсуді көрсетіп отыр, ерлерде бұл көрсеткіш жоғарыда көрсетілген кезеңде әртүрлі бағыттағы серпінде болды. Әйелдердің ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейінің көрсеткіші (2,6%) ерлердегі осы көрсеткіштен (1,6%) едәуір асып түсті.

3.1.3-кесте. Еңбек нарығының негізгі индикаторлары

	2019			2020			2021		
	Барлығы	ерлер	әйелдер	Барлығы	ерлер	әйелдер	Барлығы	ерлер	әйелдер
Жұмыс күші, мың адам	9221,5	4739,7	4481,8	9180,8	4729,1	4451,7	9256,8	4756,6	4500,1
Халық санындағы жұмыс күшінің үлесі, %	70,1	76,3	64,6	69,2	75,5	63,7	69,3	75,4	63,9
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8780,8	4535,4	4245,4	8732,0	4519,5	4212,5	8807,1	4554,9	4252,2
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	6681,6	3443,0	3238,6	6686,7	3404,2	3282,5	6710,2	3414,1	3296,1
Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, мың адам	2099,2	1092,4	1006,8	2045,4	1115,3	930,1	2096,9	1140,9	956,0
Жұмыссыз халық, мың адам	440,7	204,3	236,3	448,8	209,6	239,2	449,6	201,7	247,9
Жұмыссыздық деңгейі, %	4,8	4,3	5,3	4,9	4,4	5,4	4,9	4,2	5,5

	2019			2020			2021		
	Барлығы	ерлер	әйелдер	Барлығы	ерлер	әйелдер	Барлығы	ерлер	әйелдер
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15-24 жас аралығында) ¹⁾	3,6	3,2	4,0	3,8	3,4	4,2	3,7	3,3	4,3
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, % (15-28 жас аралығында) ²⁾	3,7	3,3	4,1	3,8	3,3	4,5	3,8	3,2	4,4
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, %	2,2	1,7	2,6	2,2	1,7	2,7	2,1	1,6	2,6

*1) Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына сәйкес жастарға жатқызу жасы

2) «ҚР Мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңына сәйкес жастарға жатқызу жасы

3) Осы жерде және одан әрі деректер 208 275 үй шаруашылығын іріктеп зерттеу қорытындылары негізінде қалыптастырылды (Үй шаруашылықтарының жалпы санының 4,48%), тексеру кезеңділігі – жылына бір рет

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2021 жылғы деректер бойынша әйелдер жұмыссыздығының деңгейі тиісінше ерлер жұмыссыздығының деңгейінен 1,3%-ға (5,5% және 4,2%) артық. Жұмыссыздық деңгейінің гендерлік айырмашылығы Қызылорда және Павлодар облыстарын қоспағанда, барлық өңірлерде байқалады. Ең жоғары айырмашылық Маңғыстау (5,9%), Алматы, Қарағанды облыстарында және Алматы қаласында (2,4%) (3.1.4-кесте).

3.1.4-кесте. Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша 2021 жылғы жұмыссыздық деңгейі (%)

Облыс	Ерлер	Әйелдер
Қазақстан Республикасы	4,2	5,5
Ақмола	4,9	5,0
Ақтөбе	4,4	5,2
Алматы	3,6	6,0
Атырау	4,8	4,9
Батыс Қазақстан	4,5	5,2
Жамбыл	4,8	4,9
Қарағанды	3,3	5,7
Қостанай	4,9	4,7
Қызылорда	4,9	4,9
Маңғыстау	2,1	8,0
Павлодар	4,8	4,8

Облыс	Ерлер	Әйелдер
Солтүстік Қазақстан	4,8	4,9
Түркістан	4,6	5,7
Шығыс Қазақстан	4,5	5,1
Нұр-Сұлтан қ.	4,5	4,7
Алматы қ.	3,9	6,3
Шымкент қ.	4,1	6,0

* Деректер 223 143 үй шаруашылығын іріктеп зерттеу қорытындылары негізінде қалыптастырылды (жалпы санынан 4,4%)

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2021 жылы Қазақстанда әйелдердің орташа айлық кесімді жалақысы орта есеппен 202,3 мың теңгені құрады. Салыстыру үшін: ерлер үшін көрсеткіш 246,3 мың теңгеге жетті. Қазақстанда ерлер әйелдерге қарағанда ұқсас салаларда 21,7%-ға жоғары жалақы алады.

Еңбекақы төлеудегі ең елеулі алшақтық бар салалар арасында – балық аулау және аквамәдениет (мұнда ерлер бірден әйелдерден 70,7% - ға көп алады), өмір сүру және тамақтану бойынша қызметтер (50,3% - ға), ең жоғары ақы төленетін салалардың бірі – қаржылық және сақтандыру қызметі (46,6%-ға), әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет (31,2%-ға), сондай-ақ жоғары ақы төленетін тау-кен өнеркәсібі (27,2%-ға) (3.1.5-кесте).

3.1.5-кесте. Бір қызметкердің орташа кесімді айлық жалақысы, 2021 ж. (мың тг.)

	Барлығы	Әйелдер	Ерлер	Ерлердің пайдасындағы айырмашылық
Барлығы	222,7	202,3	246,3	21,7%
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	135,1	127,1	138,3	8,8%
Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызмет көрсету	134,4	126,8	137,4	8,4%
Орман шаруашылығы және ағаш дайындау	155,0	145,1	158,7	9,3%
Балық аулау және аквамәдениет	153,4	97,5	166,5	70,7%
Өнеркәсіп	303,9	260,9	322,5	23,6%
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	493,6	411,9	523,9	27,2%
Өңдеу өнеркәсібі	277,2	250,4	289,6	15,7%
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	192,5	171,7	201,5	17,3%
Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	154,3	138,9	161,4	16,1%

	Барлығы	Әйелдер	Ерлер	Ерлердің пайдасындағы айырмашылық
Құрылыс	321,1	298,9	325,8	9,0%
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	222,7	210,8	233,7	10,9%
Көлік және қоймалау	244,5	218,9	254,2	16,2%
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	258,6	212,7	319,7	50,3%
Ақпарат және байланыс	308,2	287,4	321,1	11,7%
Қаржы және сақтандыру қызметі	394,3	334,6	490,5	46,6%
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	141,8	148,9	138,1	-7,3%
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	344,6	302,4	377,1	24,7%
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	240,9	194,1	254,6	31,2%
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	172,9	151,2	184,5	22,0%
Білім беру	187,8	192,5	173,8	-9,7%
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	197,5	190,0	218,1	14,8%
Өнер, ойын-сауық және демалыс	143,5	136,9	151,7	10,8%
Өзге де қызмет түрлерін ұсыну	365,1	333,8	392,9	17,7%

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Кесімді жалақы туралы қазақстандықтың орташа жалақысы бойынша нақты жағдайды анықтау қиын. Сондықтан, орташа жалақы айырмашылығы да қарастырылды.

2021 жылғы мәліметтер бойынша жалдамалы жұмыскерлердің жалақысының орташа мөлшері 161 477, әйелдерде 154 663 құрады. Осылайша, ерлердің орташа жалақы мөлшері әйелдерге қарағанда 4,2%-ға жоғары. Ерлер мен әйелдердің жалақысындағы айырмашылық ерлердің пайдасына қарай бәрінен жоғары: өмір сүру және тамақтану жөніндегі қызметтер (30,8%); өнеркәсіп (әсіресе тау-кен өнеркәсібі (25,1%), қаржы және сақтандыру қызметі (23,3%), көлік және қоймалау (19,1%) салаларда байқалады (3.1.6-кесте.).

3.1.6-кесте. Салалар бойынша Қазақстан Республикасындағы жалдамалы қызметкерлер жалақысының медианалық мөлшерінің айырмашылығы, 2021ж.

	Барлығы, тг.	Әйелдер, тг.	Ерлер, тг.	Айырмашылық, тг	Айырмашылық, %
Барлығы	157 863	154 663	161 477	6814	4,2%
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	107 120	100 002	109 746	9744	8,9%
Өнеркәсіп	203 426	164 057	215 150	51093	23,7%

	Барлығы, тг.	Әйелдер, тг.	Ерлер, тг.	Айырмашылық, тг	Айырмашылық, %
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	323 371	261 132	348 891	87759	25,1%
Өңдеу өнеркәсібі	201 422	180 695	211 068	30373	14,4%
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	155 773	143 982	159 902	15920	9,9%
Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	128 149	114 078	136 051	21973	16,1%
Құрылыс	232 490	221 825	234 484	12659	5,4%
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу	153 385	151 514	155 318	3804	2,4%
Көлік және қоймалау	190 626	160 195	198 009	37814	19,1%
Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	189 078	155 723	225 048	69325	30,8%
Ақпарат және байланыс	218 759	223 079	215 275	7804	3,5%
Қаржы және сақтандыру қызметі	250 683	226 526	295 517	68991	23,3%
Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	102 846	115 097	98 349	16748	14,5%
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	204 486	195 659	213 798	18139	8,5%
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	117 038	124 842	114 349	10493	8,4%
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	143 983	125 401	153 259	27858	18,2%
Білім беру	152 888	155 898	137 303	18595	11,9%
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер	156 507	156 184	157 807	1623	1%
Өнер, ойын-сауық және демалыс	119 143	123 951	112 074	11877	9,6%
Өзге де қызмет түрлерін ұсыну	207 353	218 123	199 948	18175	8,3%

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Гендерлік кемсітушілікке заңнамалық тыйым салуды ескере отырып, әйелдер мен ерлердің жалақысының айырмашылығы ер адамдар әйелдерге қарағанда көбірек басшылық орындарда болуына байланысты деп болжауға болады.

«Сіз жұмыс істейтін ұйымның басшысы кім?» сұрағына ұйымдарда жұмыс істейтін 744 адамның 528-і немесе 70%-ы ер адам, 216-ы немесе 30%-ы әйел адам деп жауап берді (3.1.7-кесте).

3.1.7-кесте. «Сіз жұмыс істейтін ұйымның басшысы кім?»

	Баған бойынша %
Ерлер	44
Әйел	18
Мен фрилансермін, өзін-өзі жұмыспен қамтыған	21,9
Жұмыс істемеймін	16,1

«Неге әйел басшы бола алмайды?» сұрағына жауап бере отырып респонденттер мұны көп жағдайда отбасымен және балаларымен байланыстырды (3.1.8-кесте).

3.1.8- кесте. Сіздің ойыңызша неге әйел басшы бола алмайды?

	Баған бойынша %
Әйелдің басты тағдыры – отбасы мен балалары	44
Әйел отбасы мен жұмысты біріктіре алады, бірақ үй тірлігі жұмыс сапасына әсер етеді	33
Әйелдер үшін тым қиын	38,5
Әйелдер тым эмоционалды	20,2
Әйелдер табиғатынан шешім қабылдауға бейім емес	8,3

Қоғамда әлі де күшті көзқарас бар, оған сәйкес ер адам отбасындағы негізгі табыс табушы болып табылады. Көптеген қазақстандықтар үшін ер адам әйелден аз ақша табатын жағдайға жол берілмейді. Атап айтқанда, «Сіз ер адам әйелден аз ақша табатын жағдайға қалай қарайсыз» деген сұраққа респонденттердің жартысы (49,2%) «теріс» жауапты таңдады. 39,2%-ы бұған бейтарап қарайды, 7,3%-ы жауап беруге қиналады және тек 4,4%-ы оны оң деп санайды.

Экономикалық тұрғыдан алғанда әйелдер ерлерге көбірек тәуелді. Осылайша, сауалнамаға қатысқан әйелдердің 9,9%-ы отбасында жұбайы жұмыс істейтінін атап өтті. Жалақы ерлерде де, әйелдерде де негізгі табыс көзі болып табылады (64,5% және 55,2%) (3.1.9-кесте).

3.1.9-кесте. Жеке табысыңызды қандай көздерден табатыныңызды айтыңызшы? (%)

Табыс көздері	Ерлер	Әйелдер
Еңбекақы	64,5	55,2
Кәсіпкерлік қызметтен түсетін кіріс	5,7	4,4
Жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін кірістер	8,0	6,9
Жерді/ тұрғын үйді/ жабдықты/ жеке мүлікті жалға беруден түсетін кіріс	2,0	0,9
Қосымша табыс, фриланс	4,4	3,3
Кездейсоқ табыс	12,1	5,0
Жәрдемақылар, әлеуметтік төлемдер	2,1	8,0
Зейнетақы, шәкіртақы	16,3	19,9

Табыс көздері	Ерлер	Әйелдер
Туыстарының ақшалай көмегі	3,0	5,8
Алименттер	0,0	1,7
Қамқор адамдардың, еріктілердің көмегі	0,0	0,0
Табыс жоқ	3,4	3,5
Отбасында тек жұбайы (зайыбы) жұмыс істейді	1,1	9,9
Қазіргі уақытта мені ата-анам қамтамасыз етеді	4,1	3,2

Жаппай сауалнама нәтижелерін және ресми статистика деректерін талдау қорытындылары бойынша әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту саласында кейбір проблемалық аспектілер анықталды. Оларға әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың мемлекеттік шаралары туралы әйелдердің төмен хабардар болуын, әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігінің төмен деңгейін, гендерлік белгісі бойынша жалақыдағы алшақтықты ерлердің пайдасына жиірек болуы, басшы лауазымдардағы әйелдер санының төмен болуын жатқызуға болады. Стереотиптердің болуы маңызды проблема болып табылады, оған сәйкес әйелдердің негізгі мақсаты ана болу, олар еңбек және отбасылық міндеттерді үйлестіре алмауы және басшылық лауазымдарға орналасу үшін қажетті қасиеттерге ие болмауы. Тіркелген немесе азаматтық некеде тұратын әйелдердің шамамен 10%-ы азаматтық серіктестерге немесе еріне экономикалық тәуелді. Сондай-ақ, кедейлік феминизациясының үрдісі байқалады, бұл соңғы жылдары әйелдер жұмыссыздығының өсуімен, сондай-ақ ерлермен салыстырғанда әйелдерде ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейінің едәуір артуынан көрінеді.

3.2. Әйелдердің саясатқа қатысуын қолдау

Соңғы жылдары әйелдердің саяси қатысуын қолдау саласындағы елеулі прогреске қарамастан, елде саяси шешімдер қабылдау деңгейінде әйелдердің өкілділігінің әлі де болса жеткіліксіздігі байқалады. ҚР СЖРА ҰСБ деректері бойынша 2021 жылы Қазақстан Республикасының Парламентінде әйелдердің үлесі депутаттардың жалпы санының 27%-ын құрады³⁵. Бұл ретте ел халқының жалпы санынан әйелдердің үлесі 51,4%-ды құрайды. Осылайша, депутаттардың жалпы санының жартысының орнына саяси шешімдер қабылдау процесіне әйелдердің тек 27%-ы ғана енгізілген. Бұл Парламенттегі мәселелердің көпшілігі әйелдер тәжірибесі мен әйелдер проблемаларын ескерместен ерлердің көзқарасы тұрғысынан қарастырылатындығын білдіреді. Әйелдер жиі кездесетін мәселелер: ана мен бала, декреттік демалыстар, әлеуметтік жәрдемақылар, қауіпсіздік және зорлық-зомбылықтан қорғау, әлеуметтік осал топтарға көмектесу проблемаға қажетті дәрежеде тартылмай қарастырылатын болады. Осындай жағдай жергілікті атқарушы және өкілді органдар деңгейінде және Үкіметте де қалыптасып отыр. 2022 жылғы 25 тамыздағы деректер бойынша қазіргі министрлер арасында тек 2 әйел-министр, ал өңірлер (облыстар) әкімдерінің арасында бірде-бір әйел жоқ.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің 2022 жылғы 1 қаңтардағы деректері бойынша ел бойынша мемлекеттік қызметшілер арасындағы әйелдердің үлесі іс жүзіндегі санның 55,7%-ын (82 793-тен 46 106), оның ішінде: саяси қызметкерлер арасында – 9,1% (737-ден 67), «А» корпусының

³⁵ https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=70&slug=-57&cat_id=9&lang=ru

әкімшілік қызметшілері арасында – 10 (90-нан 9-ы), «Б» корпусы – 56,2% (81 966-дан 46 030) құрады.

Басшылық лауазымдарды атқаратын әйелдердің үлесі – 39,3% (22 939-дан 9 014) құрайды.

Бүгінгі таңда саяси партиялардың сайлау тізімдерінде әйелдер, жастар және мүгедектігі бар адамдар үшін жалпы 30% квота бар. Квотаны үш әлеуметтік топ – әйелдер, жастар және мүгедектігі бар адамдар арасында бөлу осы топтардың әрқайсысына қажетті өкілдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді.


Әйелдерді мемлекеттік органдарда толық көрсету үшін халық санына пропорционалды сәйкестік қажет. Әйелдерді шешім қабылдау процесіне қосу пікірлердің плюрализміне ықпал етеді, елде қалыптасқан проблемаларды әртүрлі қырынан қарауға және әртүрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін ескеруге мүмкіндік береді.

Билік органдарында әйелдердің өкілдік ету проблемасы тек Қазақстанға ғана емес, әлемнің көптеген елдерінде де қозғалады

Соңғы жылдары әйелдер көшбасшылары санының артып келе жатқанына қарамастан, әлемде бір жыл ішінде атқарушы биліктің ең жоғары лауазымына әйел ие болу саны 18-ден асқаны болған жоқ. Олардың үлесі осындай лауазымдарды атқарған ерлер санының 10%-дан азын құрайды (бүгінгі күні БҰҰ-ға мүше 193 мемлекет бар).

1960 жылдан бастап әртүрлі елдерде 76 әйел үкіметті басқарды. Сиримава Бандаранаике (Шри-Ланканың премьер-Министрі) алғаш рет 1960 жылы сайланғаннан бері биліктегі әйелдер саны баяу өсті, соңғы он екі жылда ең жылдам өсім болды. 2021 жылы Германия, Мьянма және Норвегиядағы әйелдер билігі аяқталды, бірақ алғаш рет әйелдер Эстония, Самоа, Швеция және Танзанияда жетекші саяси ұстанымдарға ие бола бастады³⁶ (3.2.1-сурет).

3.2.1-сурет. 1960 жылдан 2022 жылға дейін атқарушы биліктің ең жоғары лауазымын іс жүзінде әйел атқарған елдер саны *




Дереккөз: *statista.com* порталы

³⁶ <https://www.statista.com/statistics/1058345/countries-with-women-highest-position-executive-power-since-1960/>

Әйелдердің саяси мүмкіндіктерін кеңейту гендерлік алшақтық индексінің ең проблемалық аспектісі болып табылады. «Саяси қатысу» индикаторы бойынша Қазақстан 0,143 көрсеткішімен Gender Gap Index рейтингінде 103-орында тұр (3.2.2-сурет).

3.2.2-сурет. Қазақстандағы гендерлік алшақтық индексі индикаторларының мәні




Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы министрлер лауазымындағы әйелдер үлесі бойынша 123-орынды, Президент әйелдер басқару ұзақтығы бойынша 78-орынды және парламенттегі әйелдер үлесі бойынша 65-орынды иеленеді (3.2.1-кесте).

3.2.1-кесте. «Саяси қатысу» индикаторының субиндикаторлары

	Рейтингтегі орны	Мәні
«Саяси қатысу» индикаторы	103	0,143
Парламенттегі әйелдердің үлесі	65	0,377
Министрлер лауазымындағы әйелдердің үлесі	123	0,105
Соңғы 50 жыл ішінде елдегі әйел Президенттер	78	0

Әйелдердің саяси мүмкіндіктерін кеңейтудегі кедергілердің бірі гендерлік стереотиптер, соған сәйкес әйелдер қабілетті саясаткер бола алмайды. «Сіз қалай ойлайсыз, қабілетті саясаткер – ерлер ме, әйелдер ме?» сұрағына сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі (55,2%) жынысы маңызды емес деп жауап берді. Қазақстандықтардың 38,2%-ы ерлер неғұрлым қабілетті саясаткерлер деп есептесе, 3,4%-ы әйелдер саяси қызметте табысқа жете алады деп есептейді (3.2.2-сурет).

3.2.3-сурет. Сіз қалай ойлайсыз, қабілетті саясаткер – ерлер ме, әйелдер ме? (%)



Жауаптардың гендерлік бөлінуінде айтарлықтай айырмашылықтар байқалады. Осылайша, ерлерді неғұрлым қабілетті саясаткер деп есептейтін ер респонденттер әйел респонденттерге қарағанда 17,4%-ға көп деп санайды. Бұл ретте саясатта жынысымаңызды емес деп санайтын әйелдер ерлерге қарағанда 13,6%-ға артық (3.2.1-кесте).

3.2.1-кесте. Сіз қалай ойлайсыз, қабілетті саясаткер – ерлер ме, әйелдер ме? (жынысы бойынша бөлу, (%))

	Ерлер	Әйел
Ерлер	47,4	30,0
Әйел	1,8	4,9
Жынысы маңызды емес	48,0	61,6
Жауап беру қиын	2,9	3,5

Әйелдер Қазақстанның саясатын қалыптастыруға үлкен үлес қосады деген пікірмен толық келісетін әйелдердің үлесі осы көзқарасты бөлісетін ерлер үлесінен екі есе көп (3.2.2-кесте).

3.2.2-кесте. Әйелдер еліміздің саясатын қалыптастыруға үлкен үлес қосады деген пайымдаумен қаншалықты келісесіз? (%)

	Ерлер	Әйел
Толық келісемін	13,8	30,7
Келісетін сияқтымын	35,2	35,0
Келіспейтін сияқтымын	24,1	13,2
Толық келіспеймін	11,9	8,2
Жауап беру қиын	15,0	12,9

Әйелдердің саясатта қазіргіден көп болуымен толық келісетін респондент әйелдердің саны респондент ерлер санынан екі есе көп (3.2.3-кесте).

3.2.3-кесте. Әйелдердің саясатта қазіргіден көп болуы қажет деген пайымдаумен қаншалықты келісесіз? (%)

	Ерлер	Әйелдер
Толық келісемін	13,5	29,6
Келісетін сияқтымын	35,9	39,1
Келіспейтін сияқтымын	23,9	11,3
Толық келіспеймін	9,6	7,2
Жауап беру қиын	17,2	12,8

Басқарушылық шешімдер қабылдауға әйелдерді неғұрлым белсенді тартуға кедергі келтіретін негізгі тосқаулар ретінде қазақстандықтар жұбайының (зайыбына) немесе отбасы қолдауының болмауын (36,2%), тәжірибе мен білімнің болмауын (35,6%), қоғамдық қолдаудың болмауын (27,7%), ерлер мен әйелдер арасында үй міндеттерінің біркелкі бөлінбеуін (23,3%), әйелдерге қатысты стереотиптерді (23,3%) атап өтті. Қазақстандықтардың тек 0,4%-ы әйелдерді басқарушылық шешімдер қабылдауға неғұрлым белсенді тартуға ештеңе кедергі келтірмейді деп санайды (3.2.4-кесте).

3.2.4-кесте. Басқарушылық шешімдер қабылдауға әйелдерді неғұрлым белсенді тартуға кедергі келтіретін негізгі тосқаулар қандай?

	%
Тәжірибе мен білімнің болмауы	35,6
Жұбайының (зайыбына) немесе отбасы қолдауының болмауы	36,2
Ерлер мен әйелдер арасында үй міндеттерінің біркелкі бөлінбеуі	23,3
Қоғамдық қолдаудың болмауы	27,7
Қажетті байланыстың болмауы	16,9
Партия ішінде қолдаудың болмауы	10,7
Ресурстардың болмауы	12,4
Әйелдер ұйымдары тарапынан қолдаудың жоқтығы	10,1
Ынталанудың жоқтығы және өзінің енжарлығы	12,1
Өзіне сенімсіздік	21,7
Сенімнің болмауы	15,6
Әйелдерге қатысты стереотиптер	23,3
Басқа (<i>Ештеңе кедергі емес, барлық айтылғандар</i>)	0,4
Жауап беру қиын	6,4

Гендерлік стереотиптердің болуы «Гендерлік мұқтаждықтар мен қажеттіліктер картасы: этностықтың, өңірдің және әлеуметтік бөлініс әсері» жобасы шеңберінде Алматы облысының әйел-мемлекеттік қызметшілерімен фокус-топтың деректерімен расталады. Мемлекеттік қызметші әйелдердің өздері гендерлік теңсіздіктің болуын жиі жоққа шығарады. Кейбір қатысушылар үй еңбегінің әділетсіз бөлінуін,

бала күтімін, қарт туыстарына қамқорлық жасауды шығыс менталитетімен түсіндірді, сонымен қатар әйелдің ана ретіндегі басты рөлі және мансаптың екінші деңгейде тұратыны туралы ұстаным танымал болды. Фокус-топтың көптеген мүшелері патриархалдық құндылықтарды ұстанады. Сонымен қатар, зерттеу ұйымдастырушыларының пікірінше, олар өздері оны бұзатындығын түсінбейді, өйткені олар белсенді жұмыс істейді және экономикалық тәуелсіз. Бірақ респонденттер үшін бұл құндылықтар әйел мен ана болудан гөрі маңызды емес³⁷.

Әйелдердің саясатқа қатысуы мен оны ілгерілету проблемасы тек Қазақстан Республикасын ғана емес, әлемнің көптеген елдерінде де көтеріледі. Әйелдердің саяси мүмкіндіктерін кеңейту жолында:

- отбасылық және кәсіби міндеттерді қоса атқару күрделілігі;
- әйелдердің саясаттағы рөлі туралы жағымсыз стереотиптердің болуы;
- отбасы мен қоршаған орта тарапынан қолдаудың жеткіліксіздігі, «шыныланған шектердің» болуы (әйелдердің көпшілігінің орта буыннан аспайтын мансабының алға жылжуына кедергі келтіретін жасырын тосқауылдар);
- саяси көшбасшы әйелдер арасында рөлдік модельдердің жетіспеушілігі сияқты бірнеше негізгі проблемалар тұр.

³⁷ Facebook әлеуметтік желісіндегі «Мы за гендерное равенство» жобасының парағы <https://www.facebook.com/102956664721938/posts/pfbid02gDdZBnDDY6kTfFDWYjKdF6hJzTawzZAmkgfmmJtkaJtPZP7cx6d8qNgo1SLrej6I/>

4 ТАРАУ.

ӘЙЕЛДЕРГЕ ЖӘНЕ ЕРЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ

ҚҚДИ сауалнамасы деректері бойынша сұралғандардың 5,1%-ы физикалық, оның ішінде сексуалдық бопсалау (ұрып-соғу, жарақат алу, жағымсыз жанасу) қауіпіне тап болған. Бұл проблемаға тап болған әйелдер ерлерге қарағанда 2 есе көп (сәйкесінше 6,9% және 3%). Көбінесе бұл қауіп қоғамдық орындарда (22%), туыстары мен ері, серіктестері тарапынан үйде (18,6%), көшеде адам жүрмейтін жерде (16,9%), адамдар көп жиналатын жерлерде (13,6%) (4.1-кесте) туындады. Оқиғалардың едәуір көп бөлігі қоғамдық және халық көп жиналатын жерлерде байқалатындығын атап өткен жөн. Бұл қоғамдағы зорлық-зомбылықтың норма болып келе жатқандығын көрсетеді.

4.1-кесте. Сіз қай жерде физикалық (ұрып-соғу, зақым келтіру, жағымсыз жанасу) қауіпке тап болдыңыз?

	%
Үйде ері, серіктесі, туысқандары тарапынан	18,6
Үйде, үйге шақырылған адамдар тарапынан (қызмет көрсететін персоналдар: сантехник, электрик, курьер және т.б.)	3,4
Үйде мүлдем бөтен адамдар тарапынан	1,7
Үйде таныстар тарапынан	8,5
Қоғамдық көлікте	6,8
Таксиде	10,2
Көшеде адам көп жүретін жерде	13,6
Көшеде адам көп жүрмейтін жерде	16,9
Қоғамдық орындарды (кафе, мейрамхана, клубтар және т.б.)	22,0
Кіреберісте	3,4
Жұмыста	10,2
Оқу орнында (мектеп/ЖОО және т.б.)	6,8
Жауап беру қиын	3,4

Физикалық зорлық-зомбылық қауіпіне тап болғанын атап өткен қазақстандықтардың көпшілігі Нұр-Сұлтан қаласында, Қостанай облысында және Алматы қаласында тұрады (4.2-кесте). Бұл зорлық-зомбылық жағдайларының жиілігімен ғана емес, сонымен бірге зорлық-зомбылыққа қарсы дискурстың танымалдылығымен және осы өңірлердің кертартпалығының аз болуымен байланысты болуы мүмкін. Алайда жауап беруге қиналғандардың көп үлесі Ақмола (4,2%) және Жамбыл облыстарында (4,7%) байқалды, бұл топқа зорлық-зомбылыққа тап болған, бірақ бұл туралы айтқысы келмеген адамдар кіруі мүмкін.

4.2-кесте. Басқа адамдар тарапынан күш көрсету, оның ішінде сексуалдық бопсалау қаупіне тап болдық деп жауап берген қазақстандықтардың үлесі (%)

Ақмола облысы	2,1
Ақтөбе облысы	0
Алматы облысы	0,8
Атырау облысы	2,6
Батыс Қазақстан облысы	0
Жамбыл облысы	0
Қарағанды облысы	4,3
Қостанай облысы	14,5
Қызылорда облысы	8,5
Маңғыстау облысы	2,4
Павлодар облысы	0,9
Солтүстік Қазақстан облысы	9,6
Түркістан облысы	2,6
Шығыс Қазақстан облысы	7,8
Нұр-Сұлтан қ.	14,1
Алматы қ.	10,1
Шымкент қ.	0

Гендерлік бөліністегі деректерді талдау ерлер мен әйелдер үшін физикалық зорлық-зомбылық қатерінің шығу көздеріндегі айырмашылықты көрсетеді. Осылайша, әйелдер физикалық зорлық-зомбылық қаупіне негізінен үйде (24,4%) және қоғамдық орындарда (24,4%), ал ер адамдар көшеде адам көп жүрмейтін және адам көп жиналатын жерлерде (тиісінше 33,3% және 22,2%) тап болған (4.3-кесте).

4.3-кесте. Сіз қай жерде қауіп-қатерге (ұрып-соғу, зақым келтіру, жағымсыз жанасу, сексуалдық бопсалау) тап болдыңыз? (жынысы бойынша бөлігінде), %

	Ерлер	Әйел
Үйде ері, серіктесі, туысқандары тарапынан	5,6	24,4
Үйде, үйге шақырылған адамдар тарапынан (қызмет көрсететін персоналдар: сантехник, электрик, курьер және т.б.)	5,6	2,4
Үйде, мүлдем бөтен адамдар тарапынан	0,0	2,4
Үйде, таныстар тарапынан	0,0	12,2
Қоғамдық көлікте	0,0	9,8
Таксиде	11,1	9,8
Көшеде адам көп жүретін жерде	22,2	9,8
Көшеде адам көп жүрмейтін жерде	33,3	9,8
Қоғамдық орындарды (кафе, мейрамхана, клубтар және т.б.)	16,7	24,4

	Ерлер	Әйел
Кіреберісте	0,0	4,9
Жұмыста	11,1	9,8
Оқу орнында (мектеп/ЖОО және т.б.)	16,7	2,4
Жауап беру қиын	5,6	2,4

Соңғы 2 жылда әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау бойынша ІІМ бөлімшелері қызметкерлерінің саны екі есе ұлғайғаны байқалады, бұл мемлекеттік органдардың осы проблемаға назарының күшейгенін білдіреді (4.4-кесте).

4.4–кесте. Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі ІІМ бөлімшелері қызметкерлерінің саны

	2016	2017	2018	2019	2020	2021
Қазақстан Республикасы	135	135	136	119	119	248
Нұр-Сұлтан қ.	5	5	7	6	6	7
Ақмола	5	5	5	5	5	20
Ақтөбе	6	6	6	2	2	15
Алматы қ.	9	9	9	9	9	11
Шымкент қ.			5	5	5	7
Алматы	20	20	21	21	21	22
Атырау	4	4	4	4	4	10
Шығыс Қазақстан	7	7	7	6	6	22
Жамбыл	15	15	13	13	13	13
Батыс Қазақстан	1	1	1	1	1	15
Қарағанды	17	17	18	18	18	20
Қостанай	4	4	2	2	2	21
Қызылорда	2	2	4	4	4	10
Маңғыстау	2	2	2	2	2	8
Павлодар	12	12	12	12	12	15
Солтүстік Қазақстан	3	3	3	3	3	15
Оңтүстік Қазақстан	23	23				
Түркістан			17	6	6	17

Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың үштен бірі соңғы 2 жылда елдегі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жағдай өзгерген жоқ деп есептейді (34,3%). Респонденттердің 21,9%-ы жағдай жақсарды деп санайды, 10,9%-ы айтарлықтай жақсарды деп санайды. Респонденттердің 7,2% жағдайдың айтарлықтай нашарлауы туралы айтады және 11,1% жағдай нашарлады деп санайды (4.5-кесте).

4.5-кесте. Сіздің ойыңызша Қазақстанда соңғы 2 жылда тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайы өзгерді ме?

	%
Айтарлықтай өзгерді	10,9
Өзгерді деуге болады	21,9
Нашарлаған сияқты	11,1
Айтарлықтай нашарлады	7,2
Ештеңе өзгерген жоқ	34,3
Жауап беру қиын	14,6

ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері бойынша 2021 жылы отбасылық-тұрмыстық салада жасалған тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар санының 2020 жылғы деректермен салыстырғанда 17,6%-ға төмендегені байқалады. 2022 жылдың бірінші тоқсанында тіркелген жағдайлар 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,6%-ға төмендеді. Бұл ретте 2021 жылы отбасылық-тұрмыстық салада жасалған тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар санының өткен жылғы деректермен салыстырғанда өсуі байқалады (4.6-кесте). Мұны ішінара отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларының көбеюімен ғана емес, сонымен қатар зардап шеккендер тарапынан өтініштер санының артуымен де түсіндіруге болады. Зардап шеккендер тарапынан өтініштер санының өсуі хабардарлықтың артуымен және отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тұру қажеттілігі туралы Қоғамдық дискурстың таралуымен байланысты болуы мүмкін.

4.6-кесте. Отбасылық-тұрмыстық салада жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны

Облыс	2019г.	+, -	2020г.	+, -	2021г.	+, -	2021ж. 4 айы	2022ж. 4 айы	+, -
		%		%		%			%
Нұр-Сұлтан қ.	57	29,5	74	29,8	61	-17,6	19	27	42,1
Ақмола	46	12,2	62	34,8	77	24,2	24	17	-29,2
Ақтөбе	47	34,3	38	-19,1	40	5,3	10	10	0,0
Алматы қ.	43	22,9	43	0,0	40	-7,0	17	11	-35,3
Алматы	105	14,1	126	20,0	131	4,0	40	39	-2,5
Атырау	20	233,3	5	-75,0	9	80,0	1	5	400,0
Шығыс Қазақстан	157	-13,7	161	2,5	141	-12,4	54	40	-25,9
Жамбыл	32	-20,0	42	31,3	37	-11,9	14	15	7,1
Батыс Қазақстан	27	17,4	39	44,4	27	-30,8	6	8	33,3
Қарағанды	121	23,5	118	-2,5	110	-6,8	30	29	-3,3
Қызылорда	16	-15,8	20	25,0	16	-20,0	4	5	25,0

Облыс	2019г.	+, -	2020г.	+, -	2021г.	+, -	2021ж. 4 айы	2022ж. 4 айы	+, -
		%		%		%			%
Қостанай	104	9,5	75	-27,9	78	4,0	27	27	0,0
Маңғыстау	14	7,7	16	14,3	18	12,5	2	6	200,0
Павлодар	88	29,4	98	11,4	101	3,1	26	30	15,4
Солтүстік Қазақстан	57	29,5	62	8,8	61	-1,6	16	15	-6,3
Шымкент қ.	41	141,2	28	-31,7	25	-10,7	11	11	0,0
Түркістан	55	19,6	63	14,5	71	12,7	4	5	25,0
Көлік өңірі	0		1		0	-100,0	0	0	
Әскерилер жасаған	1		0	-100,0	3		0	1	
21-С	24	14,3	2	-91,7	1	-50,0	1	0	-100,0
Республика бойынша	1055	14,8	1072	1,6	1047	-2,3	306	301	-1,6

ҚҚДИ зерттеулерінің нәтижелері бойынша әйелдердің 4,6%-ы және ерлердің 0,5%-ы сексуалдық бопсалауға ұшыраған. Бұл ретте ерлердің 1,4% және 0,5%-ы сұраққа жауап беруге қиналды (4.7-кесте). Бұл тақырып өте нәзік және белгілі бір дәрежеде қазақстандық қоғамда тыйым салынғандықтан, жауап беруге қиналған респонденттер тобына осы мәселеге тап болған, бірақ бұл туралы айтуға батылы жетпеген адамдар кіруі мүмкін.

4.7-кесте. Сіз сексуалды бопсалауға тап болдыңыз ба? (жынысы бойынша бөлікте)

	Ерлер	Әйел
Иә	0,5	4,6
Жоқ	98,9	94,0
Жауап беру қиын	0,5	1,4

Сауалнама деректері бойынша қала халқының 3,7%-ы және ауыл халқының 1,1%-ы бопсалауға тап болған. Қостанай облысының (8,1%) және Нұр-Сұлтан (6,4%) және Алматы (5,7%) қалаларының тұрғындары бопсалау проблемасы туралы жиі көрсетті. Бұл осы өңірлердегі жағдайлардың жиілігімен емес, белгілі бір мәселе бойынша қоғамдық дискурстың танымалдылығымен, қоғамдық және жеке бөлінуімен және халықтың аз кертартпалығының болмауымен байланысты.

Сексуалдық бопсалау жағдайларының жартысына жуығы интернетте және әлеуметтік желілерде болған (43,3%). Респонденттердің 26,7%-ы көшеде және қоғамдық орындарда, 23,3%-ы жұмыс орнында, 16,7%-ы туыстары мен таныстары тарапынан үйде және 13,3%-ы оқу орны бойынша харассменттерге тап болды (4.8-кесте).

4.8-кесте. Сіз сексуалдық бопсалауға қай жерге тап болдыңыз?

	%
Көшеде қоғамдық орындарда (мейрамхана, дәмхана, саябақ және т.б.)	26,7
Қоғамдық көлікте	6,7
Таксиде	3,3
Жұмыс орнында	23,3
Оқитын жерінде	13,3
Үйде бөтен адамдар тарапынан	3,3
Үйде таныстар және туыстар тарапынан	16,7
Интернетте және әлеуметтік желілерде	43,3

Респонденттердің төрттен бір бөлігі жұмыс орнында сексуалдық бопсалауға тап болған. Олардың жартысынан көбі (57,1%) бұл жағдайға назар аудармаған, 28,6% қысым көрсеткен адамнан күрт бас тартқан, 28,6% жоғары басшыға және әкімшілікке шағымданған, 14,3% достары мен туыстарына кеңес сұраған, 14,3% басқа бөлімге ауыстырылған, 14,3% күлкіге айналдырған (4.9-кесте). Сексуалдық бопсалауға тап болған адамдардың ешқайсысы құқық қорғау органдарына, құқық қорғау ұйымдарына сенім телефоны арқылы жүгінбеген және қоғам мен БАҚ назарын осы проблемаға аудармаған. Осылайша, сұралғандардың басым бөлігі өзіне жасалған бопсалауға қарсы іс-қимыл бойынша белсенді іс-қимыл жасамаған, бұл қазақстандық қоғамда осы құбылыстың нормаға айналғанын көрсетеді.

4.9-кесте. Сіз жұмыста болған сексуалдық бопсалау проблемасын қалай шештіңіз?

	%
Басқа бөлімге ауыстым	14,3
Жұмыстан шығу туралы өтініш жаздым	0,0
Достарымнан, туысқандарымнан көмек сұрадым	14,3
Ауызша жоғары тұрған басшыға, әкімшілікке, кадр бөліміне және т.б. жүгіндім	28,6
Құқық қорғау органдарына, сотқа жүгіндім	0,0
Құқық қорғау және қоғамдық ұйымдарға жүгінді	0,0
БАҚ, әлеуметтік желілер арқылы қоғамның назарын аударды	0,0
Сенім телефоны бойынша	0,0
Күлкіге айналдырдым	14,3
Назар аудармадым	57,1
Күрт бас тарттым	28,6
Жауап беру қиын	0,0

Сексуалды зорлық-зомбылық көбінесе жағымсыз жанасу (46,7%), қорлайтын ескертулер немесе сексуалдық астарлы әзілдер (46,7%), қорлайтын электрондық пошталар немесе мәтіндік хабарламалар (43,3%) түрінде көрінеді (4.10-кесте).

4.10-кесте. Сіз жұмыста сексуалдық бопсалаудың қай түріне тап болдыңыз?

	%
Жағымсыз жанасу	46,7
Қорлайтын ескертулер немесе астарлы әзілдер	46,7
Қорқынышты немесе көз айырмай қарау	26,7
Қорлайтын электрондық пошталар немесе мәтіндік хабарламалар	43,3
Жауап беру қиын	0,0

«Ерлердің рөлі, олардың Қазақстандағы отбасылық өмірге және балаларды тәрбиелеуге тартылу дәрежесі»³⁸ ұлттық әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша еліміздегі отбасылардың 2%-ы өзінің отбасылық өмірін қыздың келісімінсіз қалыңдықты алып қашу дәстүрінен бастайды.

ҚҚДИ мәліметтері бойынша қазақстандықтардың тек 76,4%-ы ғана қандай да бір дәрежеде некеге тұру үшін әйелді күштеп алып қашуды айыптайды. Респонденттердің 2%-ы осы құбылысқа оң, 4,2%-ы оң қабылдайтын сияқты және 17,4%-ы бұған бейтарап қарайды (4.11-кесте).

4.11-кесте. Сіз қалыңдықтың еркінсіз ұрлауға (Қыз алып қашу) қалай қарайсыз?

	%
Теріс	62,0
Дұрысы теріс	14,4
Бейтарап	17,4
Дұрысы оң	4,2
Оң	2,0

Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың жартысы (54%), егер қыз оның келісімінсіз алып қашқан болса, ол кетіп, құқық қорғау органдарына хабарлауы керек деп санайды. Респонденттердің 11,7%-ы ол қалып, алып қашқан адамға тұрмысқа шығу керек деп санайды. Қазақстандықтардың 18,4%-ы ол кетіп, құқық қорғау органдарына хабарламауы тиіс деп санайды (4.12-кесте).

4.12-кесте. Сіз қалай ойлайсыз, егер қызды оның келісімінсіз алып қашып кетсе ол кетіп қалу керек пе әлде қалып алып қашқан адамға тұрмысқа шығу керек пе?

	%
Ол кетіп, құқық қорғау органдарына хабарлауы керек	18,4
Ол кетіп, құқық қорғау органдарына хабарлауы керек	54,0
Ол қалып, алып қашқан адамға тұрмысқа шығу керек	11,7
Жауап беру қиын	15,9

³⁸ «Ерлердің рөлі, олардың Қазақстандағы отбасылық өмірге және балаларды тәрбиелеуге қатысу дәрежесі» ұлттық әлеуметтанулық зерттеуі (іріктеу 1215 респондент), 2021ж.
<https://kazakhstan.unfpa.org/ru>

Зорлық-зомбылық проблемасы бүгінгі күні қазақстандық қоғамда өте өзекті болып табылады. Осылайша, сауалнамаға сәйкес азаматтардың 5%-дан астамы физикалық зорлық-зомбылық қаупіне тап болған. Ер адамдар бұл қауіпке негізінен көшеде, әйелдер – көбінесе қоғамдық орындарда және үйде тап болған, бұл тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасының өзектілігін көрсетеді. Бұл ретте қазақстандықтардың үштен бірі соңғы 2 жылда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бойынша ахуалдың жақсарғанын атап өтті. Некеге тұру үшін әйелдерді алып қашу және қоғамның көз алдында бұл құбылыстың нормаға айналу мәселесі ерекше назар аударуға тұрарлық. Тағы бір өзекті мәселе сексуалдық бопсалау мәселесі. Азаматтардың шамамен 5%-ы бұл проблемаға тап болған, ал әйелдер ерлерге қарағанда мұндай жағдайға 10 есе жиі тап болған.

5 ТАРАУ.

ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚАТЫСУЫ

Жанжалдарды болдырмау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдардың алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды күшейтуге әйелдердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467 қарарларды іске асыру жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары 2021 жылы желтоқсанда ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілді. 1325 қарары әйелдерге қарулы қақтығыстың мөлшерсіз және төтенше әсер ету проблемасы көтерілген алғашқы шешім болғанын атап кеткен жөн. Іс-шаралар жоспары келесі маңызды іс-шараларды қамтиды:

- ЕО және БҰҰ-мен ынтымақтастық бағдарламасын іске асыруға қатысу – Қазақстандағы білім беру тренингтері арқылы жанжал және жанжалдан кейінгі жағдайдағы әйелдердің экономикалық дамуы бойынша әйелдер;

- гуманитарлық операциялар аясында Сирия мен Ирактан оралған әйелдер мен балаларды оңалту жөніндегі әлеуметтік қызметкерлер, отбасын қолдау орталықтарының және қоғамдық ұйымдардың қызметкерлері үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу және қабылдау;

- тренингтер мен оқытудан өткен әйелдердің, наградалар алған әйелдердің және басшы лауазымдардағы әйелдердің саны бойынша көрсеткіштерге сүйене отырып, қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы кәсіби дамуға гендерлік-сезімтал тәсілді әзірлеу;

- Бітімгерлік дайындық орталығы (КАЗЦЕНТ) базасында гендерлік мәселелер және азаматтық тұлғалар мен балаларды қорғау бойынша әскери кеңесші-әйелдерді даярлау;

- әйелдерді Қорғаныс министрлігінің, ІІМ, ТЖМ, БП жүйелерінде басшы лауазымдарға жоғарылату, сондай-ақ олардың алдағы мансабына мониторинг жүргізу.

Бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында әйелдерді ілгерілету мәселесі бүгінгі күні өзекті болып табылады. Мәселен, 2022 жылдың басындағы деректер бойынша Қазақстанның Қарулы Күштерінде 12 мыңнан астам әйел қызмет етеді, бұл әскери қызметшілердің жалпы санының 27%-ын құрайды. Олардың 800-ге жуығы офицерлер, 20-сы полковник әскери атағына ие, 5 мыңға жуығы-азаматтық қызметшілер³⁹. Салыстыру үшін 2020 жылы әскери қызметші – әйелдердің үлесі 16,1%-ды құрады. Осылайша, елдің Қарулы Күштеріндегі әйелдердің үлесі артты. Осыған қарамастан, халық арасында әйелдер армияда қызмет етпеуі және мемлекеттік деңгейде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесіне қатыспауы керек деген көзқарастар әлі де басым. Қазақстандықтардың 42%-ы әйелдерді бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесіне (бітімгершілік қызмет-

³⁹ ҚР Қорғаныс министрлігі <https://www.gov.kz/memleket/entities/mod/press/news/details/337538?lang=ru>

ке және әскери операцияларға қатысу, армиядағы қызмет, жанжалдардың алдын алу бойынша саяси келіссөздер жүргізу) тартпау керек деп санайды. Азаматтардың тек 6,3%-ы әйелдерді әскерге шақыру керек деп санайды, 11,8%-ы әйелдерді елге шабуыл жасалған жағдайда ғана бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесіне тарту керек деп санайды (5.1-кесте).

5.1-кесте. Сіздің ойыңызша, әйелдерді мемлекеттік деңгейде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесіне тарту керек пе?

	%
Саяси келіссөздерді жүргізуге тарту керек	28,3
Бітімгершілік миссиялар мен әскери операцияларға қатысуға тарту керек	15,0
Әскердегі қызметке тарту керек	6,3
Елге шабуыл жасалған жағдайда ғана тарту керек	11,8
Тартуға болмайды	42,6
Жауап беру қиын	9,8

Сонымен қатар, ер адамдарда әйелдерге қарағанда бұл мәселе бойынша консервативті көзқарастар жиі кездеседі. Осылайша, әйелдер арасында ерлерге қарағанда 8,9%-ға көп респонденттер әйелдерді мемлекеттік деңгейде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесіне тартпау керек деп санайтындар бар. Әйелдер ерлерге қарағанда әйелдерді бітімгершілік миссияларға және әскери операцияларға (тиісінше 17% және 12,7%), саяси келіссөздер жүргізуге (тиісінше 31,2% және 25%) және әскерде қызмет етуге (тиісінше 6,9% және 5,5%) тарту керек деген пікірмен бөліседі (5.2-кесте).

5.2-кесте. Әйелдерді мемлекеттік деңгейде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесіне тарту керек пе? (%)

	Ерлер	Әйелдер
Саяси келіссөздерді жүргізуге тарту керек	25,0	31,2
Бітімгершілік миссиялар мен әскери операцияларға қатысуға тарту керек	12,7	17,0
Әскердегі қызметке тарту керек	5,5	6,9
Елге шабуыл жасалған жағдайда ғана тарту керек	11,7	11,8
Тартуға болмайды	47,3	38,4
Жауап беру қиын	10,1	9,6

Респонденттердің арасында мемлекеттік деңгейде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесіне (бітімгершілік қызметке және әскери операцияларға қатысу, армиядағы қызмет, жанжалдардың алдын алу бойынша саяси келіссөздер жүргізу) тек ер адамдар ғана тартылуы тиіс деген пікір басым. Мұндай ұстанымды Қазақстандықтардың 41,3%-ы ұстанады (5.3-кесте).

5.3-кесте. Сіздің ойыңызша, мемлекеттік деңгейде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесіне кім тартылуы керек?

	%
Ерлер	41,3
Әйелдер	0,7
Ерлер және әйелдер	16,5
Жынысы маңызды емес, бастысы кәсібилігі	38,1
Жауап беру қиын	3,4

Әйелдерге қарағанда ер адамдар көбінесе мемлекеттік деңгейде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесіне тек ер адамдар қатысуы керек деп санайды (сәйкесінше 47,4% және 35,9%) (5.4-кесте).

5.4-кесте. Сіздің ойыңызша, мемлекеттік деңгейде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесіне кім тартылуы тиіс? (Жынысы бойынша бөлу), %

	Ерлердің жауабы	Әйелдердің жауабы
Ерлер	47,4	35,9
Әйелдер	0,5	0,8
Ерлер және әйелдер	14,9	18,0
Жынысы маңызды емес, бастысы кәсібилігі	33,7	41,9
Жауап беру қиын	3,4	3,5

Бүгінгі таңда әйелдердің Қауіпсіздік секторы мен құқық қорғау органдарына қатысуын ұлғайту маңызды міндет болып табылады. 2018 жылдан бастап Қазақстанда әйелдерді БҰҰ бітімгершілік операцияларына қатысуға тарта бастады. Бүгінде Қазақстаннан БҰҰ-ның 500-ден астам бітімгерлерінің тек 6-ын әйелдер құрайды⁴⁰. ҚР ИІМ деректері бойынша, 2021 жылы полицияда қызмет ететін әйелдердің үлесі 15,4%-ды, бір жыл бұрын – 14,6%-ды құрады. Бұл салада әйелдер саны артып, оң өзгерістер бар екендігін айта кеткен жөн. Егер 2005 жылы әйелдердің тек 9,4%-ы ғана болса, жыл сайын бұл көрсеткіш бірде-бір рет төмендемей, жоғарылай түсуде.

Қарулы күштер мен құқық қорғау органдарындағы әйелдер санының көбеюіндегі кейбір прогреске қарамастан, гендерлік стереотиптер әлі де бар. Осылайша, сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың жартысына жуығы әйелдерді мемлекеттік деңгейде бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесіне тартпау керек деген көзқарасты ұстанады. Респонденттердің аз бөлігі әйелдер әскери қызметке тартылуы мүмкін деп санайды. Мұны гендерлік рөлдерге қатысты дәстүрлі көзқарастардың басым болуымен түсіндіруге болады, оған сәйкес ер адам қорғаушы, ал әйел – ошақты сақтаушы болып табылады.

⁴⁰ БҰҰ сайты <https://news.un.org/ru/story/2022/05/1424602>

6 ТАРАУ.

ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІКТІ ДАМУДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ.

Мансап және білім алу. АҚШ-та 1881 жылы ресми түрде құрылған американдық университеттік білімі бар әйелдер қауымдастығы (AAUW) бар. Бұл білім және ғылым жүйесіндегі әйелдер мен қыздардың теңдігін алға тартатын коммерциялық емес ұйым⁴¹. AAUW АҚШ-тың 50 штатында және 150 елде 13000-нан астам ғалымдар мен ұйымдарға 115 миллион доллардан астам стипендиялар мен гранттар береді. Оның 170,000 мүшесі мен қолдаушылары, 1000 жергілікті филиалдары, колледждер мен университеттердің 800 серіктесі бар және әлемдегі әйелдер стипендиясының ең үлкен бағдарламаларының бірі болып табылады⁴².

Сексизмге және сексуалдық бопсалауға мүлдем төзбеушілік саясаты. 2017 жылдан бастап АҚШ-та сексуалдық бопсалауға және сексуалдық зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға бағытталған #MeToo қозғалысы кеңінен таралды. Бұл азаматтық белсенділік шеңберінен шығып, компаниялардағы қызметкерлермен жұмыс істеу саясатына таралды. Ұйымдардың 51%-ы харассментке қарсы іс-қимыл саясатын енгізді (6.1-сурет).

6.1-сурет. #MeToo қозғалысы шеңберіндегі АҚШ-тағы гендерлік бастамалар (2021ж.)



37%

#MeToo қозғалысы шеңберінде компаниялар жаңа гендерлік бастамалар енгізген жоқ



51%

#MeToo қозғалысы шеңберінде ұйымдар сексуалдық бопсалауға қарсы жаңа саясат енгізді

Дереккөз: <https://www.i-sight.com/resources/guide-to-workplace-sexual-harassment-infographic/>

Жұмыс орнындағы сексуалды бопсалауға қарсы іс-қимыл саясаты қызметкерлерді іріктеуден басталады. Көптеген американдық компанияларда ұйымдағы лауазымға үміткерге бірқатар бейнелерді қарау немесе гипотетикалық жағдайлар

⁴¹ Cullen-Dupont, Kathryn (2000). "American Association of University Women". Encyclopedia of Women's History in America (2nd ed.). Facts on File. pp. 10–11. ISBN 978-0-8160-4100-8.

⁴² "Who We Are". AAUW: Empowering Women Since 1881. Archived from the original on 2017-03-20. Retrieved 2017-04-11.

бойынша сұрақтарға жауап беру, оның орынсыз мінез-құлықтың әртүрлі көріністеріне қатынасын анықтау ұсынылады. Бұл мінез-құлыққа сексизм, лукизм (сыртқы келбетке деген көзқарас), дене пішіні (стандартты емес физикаға теріс көзқарас), нәсілшілдік, эйблизм (мүгедек адамдарды кемсіту), сексуалды бопсалау жатады. Егер өтініш беруші барлық біліктілік талаптарына сәйкес келсе де, сұхбаттың осы кезеңінен өтпесе, ол жұмыс берушіден бас тартады.

ФРАНЦИЯ

Ұйымдарда гендерлік теңдік өлшемшарттарын сақтау. Франция ұйымдарда гендерлік теңдікті сақтау бойынша Equilear нұсқасы бойынша елдер рейтингін басқарады. Франциядағы гендерлік теңдік өлшемшарттарын сақтаудың жалпы рейтингі 52%-ды, Испанияда 50%-ды, Италияда 49%-ды құрайды (6.1-кесте). Бұл рейтингтің негізінде 19 өлшемшарт, олардың ішінде: директорлар кеңесіндегі және басшылық құрамдағы әйелдердің үлесі, біліктілікті арттыру және мансаптық өсу мүмкіндіктері, еңбекақы айырмашылығы, декреттік демалыс, икемді жұмыс кестесінің мүмкіндіктері, зорлық-зомбылық қауіпсіздігі, жұмыс орнындағы қауіпсіздік, әлеуметтік қолдау, гендерлік аудит, адам құқықтары, жалдау стратегиясы кіреді.

6.1-кесте. Ұйымдардағы гендерлік теңдіктің 19 өлшемі бойынша елдердің рейтингісі

№	Елдер	%
1.	Франция	52
2.	Испания	50
3.	Италия	49
4.	Ұлыбритания	48
5.	Швеция	48
6.	Аустралия	46
7.	Германия	42
8.	Сингапур	40
9.	Жаңа Зеландия	40
10.	Швейцария	40
11.	Нидерланды	39
12.	Канада	39
13.	АҚШ	35
14.	Гонконг	30
15.	Жапония	28

Дереккөз: Equilear

Компаниялардың директорлар кеңестерінде/басқармаларында әйелдер өкілдері бойынша Франция көш бастап тұр (44%). Француз компанияларының басшылығындағы әйелдердің үлесі 23%-ды, құрылымдық бөлімшелер бастықтарының құрамында-29%-ды құрайды (6.2-сурет).

6.2-сурет. Елдер бойынша басшылық лауазымдардағы әйелдердің өкілдігі (%)



Дереккөз: Equileap

Елдің заңнамасы 50-ден астам қызметкері бар компаниялардан еңбекақы бойынша гендерлік алшақтық туралы есеп беруді талап етеді. Алайда, француз компанияларының көпшілігі (66%) әлі де ерлер мен әйелдердің еңбекақысындағы айырмашылық туралы ақпаратты жариялап жатқан жоқ. Алайда, 2019-2020 жылдары, 2020 жылы заңнама енгізілгеннен бері дәйекті ілгерілеушілік бар: компаниялардың 73%-ы 2019 жылғы 79%-бен салыстырғанда бұл ақпаратты жариялаған жоқ.

Француз компанияларының 19%-ы БҰҰ-ның әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарына (бағалау картасы, өлшемшарттар) қол қойды және компаниялардың 10%-ы гендерлік аудит сертификатын алды. Францияда компаниялардың 69%-ы сексуалдық бопсалауға қарсы саясат туралы ақпарат жариялайды. Осы ақпаратты жариялайтын компаниялар үлесінің 2019 жылғы 54%-дан 2020 жылғы 63%-бен салыстырғанда ұлғаюы байқалады.

Француз Заңы қызметкерлерге 16 апталық ақылы негізгі бала күтімі демалысына кепілдік береді, сонымен қатар 2021 жылдың шілдесінен бастап ақылы қосымша бала күтімі демалысы 4 аптаға дейін екі есе өсті⁴³.

⁴³ <https://equileap.com/>

ИСПАНИЯ

Еңбекақы төлеудегі гендерлік алшақтықтың ашықтығы. Испания – гендерлік жалақы айырмашылығының ашықтығы бойынша ең жақсы ел: испан компанияларының 92%-ы ерлер мен әйелдердің жалақысындағы айырмашылықтар туралы ақпаратты жариялап отырады (6.2-кесте). Соңғы заңнамаға сәйкес жұмыс берушілерді ер және әйел жұмысшылардың еңбекақысы туралы ақпаратты ашуға міндеттеу өткен жылмен салыстырғанда 10%-ға артты.

6.2-кесте. Ерлер мен әйелдердің еңбекақысындағы айырмашылық туралы ақпаратты жариялайтын компаниялардың үлесі

Елдер	%
Испания	92
Ұлыбритания	75
Италия	63
Франция	34
Аустралия	23
Новая Зеландия	22
Швейцария	20
Канада	17
Сингапур	16
Швеция	16
Нидерланды	13
Германия	12
АҚШ	8
Гонконг	7
Жапония	4

Дереккөз: Equileap

Сексуалдық зорлық-зомбылық пен бопсалауға қарсы тұру. Испания сексуалдық бопсалауға қарсы күрес саласындағы нәтиже көрсеткен ел болып табылады: 2020 жылы компаниялардың 82%-ы 2019 жылғы 73%-бен салыстырғанда сексуалдық бопсалауға қарсы саясатын жариялады (6.3-сурет).

6.3-сурет. Елдер бойынша басшылық лауазымдардағы әйелдердің өкілдігі (%)

Испания	82	18
Италия	73	27
Франция	69	31
Канада	68	32
АҚШ	60	40
Жапония	52	48
Швейцария	51	49
Аустралия	50	50
Нидерланды	48	52
Германия	48	52
Ұлыбритания	42	58
Швеция	41	59
Сингапур	26	74
Жаңа Зеландия	22	78
Гонконг	19	81

- Сексуалдық бопсалауға қарсы-қимыл саясаты бар компаниялар
- Сексуалдық бопсалауға қарсы-қимыл саясаты жоқ компаниялар

Дереккөз: Equileap

2022 жылдың мамыр айында Испания Парламенті кез-келген жыныстық қатынас сияқты, серіктестің нақты келісімінсіз жасалған және зорлау құрбандарын оларға қарсы зорлық-зомбылық немесе қорқыту қолданылғанын дәлелдеу қажеттілігінен босататын зорлау ұғымын бекітетін заң жобасына дауыс берді. «Тек иә – иә» деп аталатын заң жобасы испан заңнамасындағы келісімнің анық емес анықтамасын жоюға бағытталған. Бұған дейін мұндай істерде жәбірленуші сотқа физикалық күш, қарсылық немесе қорқыту туралы дәлелдер келтіруге міндетті болған. Жаңа заң жобасында келісім адамның ерік-жігерінің тікелей көрінісі ретінде анықталады, үнсіздік немесе енжарлық келісімге тең келмейді. Келісімсіз жыныстық қатынас агрессия ретінде қарастырылады, ал айыпталушы 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін⁴⁴.

Ата-аналардың екеуіне де бірдей бала күтімі бойынша демалыс. 2021 жылдың қаңтар айындағы жағдай бойынша Испания Заңы бірінші және екінші қамқоршылар үшін 16 апталық ақылы бала күтімі демалысын ұсынады. Испания – бала күтіміндегі әкелердің рөлін арттыру үшін барлық ата-аналарға бірдей демалыс ұсынатын санаулы елдердің бірі.

⁴⁴ https://www.democracynow.org/2022/5/27/headlines/only_yes_means_yes_spanish_parliament_passes_sexual_consent_bill

ШВЕЦИЯ

Еңбек саласындағы гендерлік саясат. Швеция Солтүстік Еуропаның басқа елдерімен қатар гендерлік теңдікті ілгерілетуде әлемдік көшбасшы болып табылады. Швецияда бала күтімі бойынша бірлескен демалыстың жомарт жүйесі бар.

Еңбекақының негізсіз гендерлік айырмашылықтарын жою үшін компаниялар жыл сайынғы еңбекақы бойынша зерттеулер жүргізуге міндетті және директорлар Кеңесінде әйелдердің 40%-ын алуға тырысуға кеңес беріледі, бірақ бұл қатаң квота емес.

Швецияда барлық деңгейдегі басшылық лауазымдарда әйелдердің ең жоғары пайызы (6.4-сурет):

6.4-сурет. Швейцариялық компаниялардағы басшылық лауазымдардағы әйелдер үлесі



Дереккөз: Equileap

Бүгінгі таңда Швецияда кеңес ұсынған гендерлік мақсаттық көрсеткіштің сақталуын қамтамасыз ететін заңнама жоқ. Осыған қарамастан, Швецияда әйелдердің орта есеппен 37%-ы басшылық лауазымдарды атқарады, бұл Франция мен Италиядан кейінгі Еуропадағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі.

Швед компанияларының тек 16%-ы ерлер мен әйелдердің еңбекақысындағы айырмашылықтар туралы ақпарат жариялайды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 9%-ға көп.

Швед компанияларының 59%-ы әлі күнге дейін сексуалдық бопсалауға қарсы саясатты жарияламайды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда біршама жақсару, компаниялардың 65%-ы бұл ақпаратты жарияламады.

Швед заңнамасында 480 күн бала күтімі бойынша бірлескен демалыс қарастырылған, оның 390-ы (13 ай) жалақының 77,6% мөлшерінде төленеді. Әр ата-анаға 90 күн (3 ай) берілуі мүмкін, ал қалғандары жалпы демалыс пулын құрайды. Компаниялардың 28% икемді кесте саясатын жариялайды.

ҰЛЫБРИТАНИЯ

Еңбекақы айырмашылығын жариялау. Ұлыбританияда еңбекақы теңсіздігін жариялауда қалыптасқан тәжірибе бар. 2017 жылдан бастап 250-ден астам қызметкері бар барлық компаниялар жалақыдағы гендерлік алшақтық туралы хабарлауы керек. Таяуда Үкімет этникалық белгілері бойынша еңбекақыдағы айырмашылық туралы есеп беруді енгізу мәселесін талқылады. Заңнама ашықтық мәдениетін ынталандырса да, жұмыс орнындағы гендерлік теңдік саласында айтарлықтай жақсарулар аз байқалады. Пандемияға байланысты 37 британдық компания есеп беруді кешіктіргеннен кейін, 2021 компания мемлекеттік және жеке сектордағы жалақы бойынша гендерлік айырмашылықтың шамалы өскенін хабарлады. Бұл әйелдердің басшылық лауазымдардағы өкілдігін жақсарту және корпоративтік мәдениетті жетілдіру бойынша қосымша шаралардың қажеттілігін көрсетеді. 2021 жылдың шілдесінде үкімет «алдын-алу міндетін» енгізуге уәде берді, оған сәйкес жұмыс берушілер сексуалдық бопсалаудың алдын-алу үшін шаралар қабылдауы керек.

МАРОККО

Гендерлік бюджеттеу. Марокко Корольдігінде Гендерлік теңдік 2011 жылдан бастап Конституцияда бекітілген. 19-бапта «ерлер мен әйелдер тең азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және экологиялық құқықтар мен бостандықтарға ие» делінген. Бұл абстрактілі түсінік емес, ол гендерлік факторларды (GRB) ескере отырып, бюджетті құру арқылы бюджетті жасау процесінде басшылыққа айналды⁴⁵. Жыл сайын Марокко әр сектордың жұмысы туралы ақпаратты қамтитын жынысы бойынша бөліп гендерлік есеп шығарады (деректер мүмкіндік беретін тұстарда), ол жылдан жылға GRB-ны жүзеге асыруды алға тарта отырып есеп беру мен бақылаудың маңызды құралына айналды. 2012 жылға қарай есепке жалпы 27 бөлім қосылды, бұл жалпы мемлекеттік бюджеттің 80%-дан астамын құрайды. Есеп денсаулық сақтау және білім беру сияқты дәстүрлі секторлар (GRB үшін) мен инфрақұрылым және көлік министрлігі сияқты дәстүрлі емес секторлардың да ақпаратын қамтиды⁴⁶. Руанда, Албания және Австриямен қатар, мысалы, Марокко GRB тәсілін жүзеге асыруда алғашқы ізашар ел болып табылады.

ГРУЗИЯ

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл. Грузияда полиция үйдегі зорлық-зомбылық туралы хабарламаларға дереу жауап беруге, қажет болған жағдайда жәбірленушіні медициналық мекемеге, сондай-ақ баспанаға немесе дағдарыс орталығына тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті. Грузияда тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны алты айға дейінгі мерзімге күзет немесе шектеу ордерін алуға құқылы. Ордерде агрессорды келесілерге:

- тұрғын үйден, тіпті оған тиесілі болса да кетуге;

⁴⁵ <https://www.afd.fr/en/actualites/morocco-equality-and-gender-responsive-budgeting>

⁴⁶ БҰҰ әйелдері сайты <https://gender-financing.unwomen.org/en/highlights/gender-responsive-budgets-case-of-morocco>

- бірлескен меншікті пайдалануға тыйым салуға;
- жәбірленушіге жақындауға, оған жұмысқа немесе оқуына келуге тыйым салуға;
- қызметтік қару болса да, оны қолдануға тыйым салуға міндеттеуге болады.

Зардап шеккен адам мыналарға:

- агрессордан өтемақы талап етуге;
- баспана немесе дағдарыс орталығын пайдалануға;
- Паналап жүрсе, еңбек қатынастарын 30 күнге тоқтата тұруға;
- егер тұруға ықтиярхат немесе азаматтық болмаса Грузияда болуға уақыт-ша рұқсат алуға құқылы.

Жәбірленушіге жақындауға тыйым салудан басқа, агрессор:

- екі жылға дейін бас бостандығынан айыру;
- өз есебінен мінез-құлықты түзету курсынан өту туралы бұйрық;
- қаруға тыйым салу;
- жәбірленушіге физикалық және моральдық зиян үшін өтемақы төлеуі мүмкін.

Ордер әрекеті кезінде күзет ордерін бұзғаны немесе суық және атыс қаруын алып жүргені үшін агрессор қылмыстық жауапкершілікке – түзету жұмыстарына тартылады немесе қамауға алынады⁴⁷.

Грузияның ИМ жанында отбасындағы зорлық-зомбылық жағдайларын тергеуді бақылау және тергеушілерге осындай істерді тиісті түрде қарау туралы ұсыныстар беру үшін арнайы департамент құрылды. Полиция, прокурорлар мен судьялар екінші рет құрбан болудың алдын алу және гендерлік сезімталдықты қолдану бойынша тренингтер өткізеді. Заң оқиға орнында полиция агрессорды және жәбірленушіні бөлек-бөлек жауапқа тартуды белгілейді. Полицияға тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы хабарлама келіп түскен кезде, шақыртуға шыққан полиция қызметкерлерінің бірі әйел болуы керек.

Халықаралық зерттеулер деректері негізінде жалпы ақпарат.

Deloitte компаниясының 2017 жылы жүргізген зерттеу нәтижелері ұйымның директорлар кеңесінің басында әйелдердің болуы директорлар кеңесіндегі әйелдер үлесінің артуына ықпал ететіндігін көрсетті. Осылайша, төраға- әйел басқаратын компаниялардың директорлар кеңесіне ер адам басқаратын компанияларға қарағанда екі есе көп әйелдер кіреді (сәйкесінше 29% және 16%). Ұқсас жағдай компанияның директорлар кеңесінде байқалады, онда бас директор әйел болып табылады: директорлар кеңесіне бас директор еркек болған компанияларға қарағанда екі есе көп әйелдер кіреді (сәйкесінше 29% және 15%)⁴⁸. Директорлар кеңесі және ерлер мен әйелдер өкілдерінен тұратын жоғары басшылық гендерлік теңдікке деген жоғары бейілділікті көрсетеді, сондықтан компанияда гендерлік әртүрлілікті одан әрі дамыту үшін барлық мүмкіндіктер бар. Соған сәйкес ұйымдардағы гендерлік әртүрлілік директорлар кеңестерінен басталуы керек. Егер директорлар кеңесі гендерлік әртүрлілікке байыпты қарай-

⁴⁷ «О пресечении насилия в отношении женщин или (и) насилия в семье, защите и оказании помощи жертвам насилия» 2017 жылғы 1 маусымдағы Грузия Заңы

⁴⁸ Deloitte, “Women in the Boardroom: A Global Perspective (5th Edition),” (2017): 3.

тын болса, онда бұл оның құрылымы мен құрамында, жалдау және тағайындау рәсімдерінде, бағалау процестерінде, кеңес отырыстарында сабақтастық пен қарым-қатынасты жоспарлауда айқын көрінуі керек.

Халықаралық Қаржы Корпорациясы директорлар кеңесіндегі әйелдердің үлесін арттыру үшін мыналарды ұсынады:

- Теңгерім мен әртүрлілікке қол жеткізу бойынша нақты және өлшенетін мақсаттары бар (тәжірибесі, функционалдық, индустриялық және жаһандық сараптамалары, білімі, дағдылары бойынша) директорлар кеңестері мен атқарушы органдардағы әйелдердің үлесін кезең-кезеңімен ұлғайтуды қамтитын директорлар кеңесін жария кеңістікке орналастыра отырып, оны жаңарту саясаты мен рәсімдерін әзірлеу.

- Жаңа директорлар үшін, әсіресе олардың бірінші өкілеттік мерзімі ішінде жұмысқа қабылдау кезінде (әйелдер де, ерлер де) өздерінің міндеттері мен жауапкершілігін толық түсіну, сондай-ақ директорлар кеңесінде талқылауға тиімді қатысу үшін ресми және мұқият бейімделу бағдарламасын қамтамасыз ету. Жұмыс істеп жатқан әйел-директорларды (комитет төрағасы, директорлар кеңесінің төрағасы) басшылық лауазымдарына одан әрі ілгерілету үшін үздіксіз оқыту бағдарламаларын ұсынғаны жөн⁴⁹.


«Әйелдер, бизнес және заң 2022» баяндамасына сәйкес⁵⁰ жақында Дүниежүзілік банк жариялаған әлемнің он екі елі ғана әйелдерге толық құқықтық қорғауды ұсынады. Бельгия, Канада, Дания, Франция, Греция, Исландия, Ирландия, Латвия, Люксембург, Португалия, Испания және Швеция заңды тұрғыдан ерлер мен әйелдерге тең құқықты ұсынатын жалғыз ел болды. Есеп қозғалыс еркіндігі, жұмыс орындарына қол жетімділік, еңбекақының теңдігі, декреттік демалыс, бизнесті иелену, активтерді басқару, зейнетақы төлемдері, жұмыс орнындағы кемсітушілікке және сексуалдық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес сияқты аспектілерді қарастырады. Испания мен Греция биыл алғаш рет рейтингте ең көп ұпай жинады, бұл жыныстар арасындағы бала күтімі бойынша демалыс құқығын теңестірді.

194 елдің 98-і 2021 жылғы 94 пайызға қарағанда 80 пайыз және одан жоғары болды. Жақында, 2019 жылы соңғы орынға ие болған Сауд Арабиясы елде қабылданған жаңа заңдардың арқасында өз көрсеткішін едәуір жақсартты. Қазір ел 98% көрсеткішпен 80-ші орында. 2022 жылғы рейтингтегі соңғы орындарды Йемен (26,9%), Судан (29,4%) және Катар (29,4%) иеленді (6.5-сурет).

⁴⁹ Халықаралық Қаржы Корпорациясының есебі (IFC), 2021ж.

⁵⁰ Women, Business and the Law 2022 <https://openknowledge.worldbank.org/handle/10986/36945>

6.5-сурет. Дүниежүзілік банктің рейтингіне сәйкес толық гендерлік теңдікке қол жеткізген 12 ел (%)



Дереккөз: «Женщины, Бизнес и Закон», дүниежүзілік банк (2022)

Америка Құрама Штаттары Перу және Албания сияқты елдерден 91,3% төмен болды. Америка Құрама Штаттары бала күтімі бойынша демалыс туралы заңға қосымша, бірдей жалақы мен тең зейнетақыға кепілдік беретін заңдардың болмауына байланысты рейтингте төмен.

Жапония мен Оңтүстік Корея тең еңбекақы, отбасы және кәсіпкерлікке қатысты заңдардың сапасы үшін ең көп ұпай жоғалтып, сәйкесінше шамамен 79% және 85% орынды алды. Жапония сонымен бірге жұмыс орнындағы теңдік үшін тек 50 пайыз ұпай жинады, оған тең жалдау, жұмыс орнындағы кемсітушілікке және сексуалдық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес кіреді.

Шетелдік тәжірибені бейімдеу бойынша түйіндеме:

Гендерлік теңдікті дамыту және жыныс белгісі бойынша кемсітушілікті болдырмау жөніндегі кейбір шетелдік тәжірибелерді қазақстандық контексте де бейімдеген орынды. Атап айтқанда, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы грузин тәжірибесінің кейбір аспектілерін қарастыру: құқық қорғау органдарының қы-

зметкерлеріне жүйелі негізде екінші рет құрбан болудың алдын алу және гендерлік сезімталдықты қолдану бойынша тренингтер; агрессорға өз есебінен мінез-құлықты түзету курсынан өту туралы бұйрық; жәбірленушіге физикалық және моральдық зиян үшін өтемақы төлеу туралы талап; агрессор мен жәбірленушіден бөлек жауап алуды заңды түрде тіркеу ұсынылады. Шақыруға шығатын полицейлердің бірі әйел болуы керек деген талап та оң нәтиже бере алар еді, бірақ оны енгізу штат бірліктерінің санымен шектелген. Еуропалық елдермен ұқсастық бойынша әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін кеңейту үшін квазимемлекеттік ұйымдар мен ұлттық компанияларға ұқсас лауазымдардағы ерлер мен әйелдердің еңбекақысындағы айырма бойынша есептілікті жариялауды міндеттеу ұсынылады. Сондай-ақ, жұмыс орнындағы сексуалдық бопсалауға қарсы тұру саясатын дамыту мәселесін қарау ұсынылады.

ТҮЙІНДЕР

- Соңғы жылдары елімізде гендерлік теңдіктің дамуы байқалады.

Мұндай өзгерістерге: әйелдер үшін тыйым салынған кәсіптердің тізімін жою, балалары бар жалғыз басты ата-аналар үшін қашықтықтан жұмыс істеу түріне мүмкіндік беру, Парламентте әйелдер, жастар және мүгедек адамдар үшін 30 пайыздық квота енгізу, әйелдердің экономикалық, саяси мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын өзектендіру, үйдегі зорлық-зомбылыққа қарсы және әйелдер мен қыздарға қатысты кемсітушілікке қарсы іс-қимыл бойынша шараларды күшейту жатады. Жоғарыда аталған барлық өзгерістер Қазақстанның халықаралық рейтингтегі гендерлік алшақтық индексі бойынша позициясын бірден 10 жылда алғаш рет 15 тармаққа артуына алып келді.

- Қазақстан қоғамында әлі де кең таралған гендерлік рөлдерге қатысты дәстүрлі көзқарастар, оған сәйкес ер адам қорғаушы және табыс табушы, ал әйел – ошақтың сақтаушысы, әйел және ана болып табылады. Бұл ұстанымдар әйелдердің мансаптық өсуіне, олардың саяси және экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету процесіне қатысуға және әйелдердің әртүрлі салаларда өзінің қабілетін асыруына кедергі келтіреді.

- Әйелдер еріне және азаматтық серіктесіне экономикалық жағынан тәуелді болуы сирек құбылыс емес. Тіркелген немесе азаматтық некеде тұратын әйелдердің шамамен 10%-ы экономикалық жағынан азаматтық серіктесіне немесе еріне тәуелді.

- Әйелдерге қатысты негативті гендерлік стереотиптер – көптеген әйелдердің орта буыннан жоғары мансапқа ілгерілеуіне кедергі келтіретін көрінбейтін «шыныланған шектерді» қалыптастырады.

- Әйелдер көбінесе кемсіту тәжірибесі, көзқарастар мен гендерлік таптаурындар нәтижесінде саяси саладан айтарлықтай дәрежеде оқшауланған.

- Әйелдер кәсіпкерлігін мемлекеттік қолдау шаралары туралы әйелдердің ақпараттандырылу дәрежесінің айтарлықтай төмендігі байқалады. Сондай-ақ әйелдердің кәсіпкерлік белсенділігі деңгейінің төмендігін, гендерлік белгісі бойынша еңбекақы төлеудегі алшақтық көбінесе ерлердің пайдасына болуын, басшылық лауазымдағы әйелдер санының төмен екендігін атап өткен жөн.

- Соңғы жылдары әйелдер жұмыссыздығының өсуінен, сондай-ақ әйелдерді ерлермен салыстырғандағы ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейінің елеулі өсуінде көрініс табатын кедейлік феминизациясы үрдісі байқалуда.

- Бүгінгі таңда қазақстан қоғамында зорлық-зомбылық мәселесі өте өзекті болып табылады. Осылайша, сауалнамаға сәйкес азаматтардың 5%-дан астамы физикалық зорлық-зомбылық қаупіне тап болған. Ер адамдар бұл қауіпке негізінен көшеде, әйелдер – көбінесе қоғамдық орындарда және үйде тап болған, бұл тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасының өзектілігін көрсетеді. Бұл ретте қазақстандықтардың үштен бірі соңғы 2 жылда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бойынша ахуалдың жақсарғанын атап өтті.

- Сексуалдық бопсалау мәселесі бар. Азаматтардың шамамен 5%-ы осы пробле-

маға тап болған, ал әйелдер ерлерге қарағанда мұндай жағдайға 10 есе жиі тап болған.

- Қоғамның көз алдында күштеп некелесудің (қыз алып қашу) нормаға айналу мәселесі жеке назар аударуға тұрарлық. Респонденттердің шамамен жартысы әйелдерді күштеп алып қашу құбылысын бейтарап немесе оң бағалады және ол құқық қорғау органдарына хабарламауы тиіс деп санайды. Бүгінгі таңда күштеп қыз алып қашу жағдайы бойынша статистика жоқ, алайда бұл құбылыстың нормаға айналуы оның таралуын жанама айғақтайды.

- Халықтың репродуктивті денсаулығын қамтамасыз ету саласында келесі проблемалар: кәсіби кадрлардың, әсіресе акушер-гинекологтар мен уролог-андрологтардың жетіспеуі; медициналық қызмет көрсету сапасы, әсіресе ауылдық жерлерде; ана және бала өлімінің өсуі байқалды.

ҰСЫНЫСТАР

- Үкіметтің атқарушы, өкілді және сот органдарындағы, мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік секторлардағы әйелдердің үлесін ұлғайту үшін шешімдер қабылдау деңгейінде халықаралық қаржы корпорациясы ұсынатын мынадай шараларды қабылдау ұсынылады:

- Ұйымның барлық деңгейлеріндегі әйелдердің пайыздық үлесін, еңбекақы айырмашылығын, кадрлардың ауысуын, жынысы бойынша оқу шығындарын және барлық деңгейлерде гендерлік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қабылданған шараларды қоса алғанда, әртүрлілікке байланысты көрсеткіштерді ашуды ынталандыру немесе талап ету.

- Әр түрлі және тең мүмкіндіктер туралы ақпарат, қызметкерлерді оқыту және олардың жұмысын жынысы бойынша бағалау, ерлер мен әйелдер үшін бірдей жұмыс үшін базалық сыйақы мөлшерлемесі, директорлар кеңестеріндегі әйелдердің пайызы сияқты есеп беру көрсеткіштерін қалыптастыру.

- Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін компаниялардан сан алуандық саясатын (директорлар кеңесі, жоғары басшылық және компанияның барлық қызметі үшін саналуандық мақсаттарын қоса алғанда) және тиісті стратегияларды, бастамалар мен басшылықтарды әзірлеуді және ашуды ынталандыру немесе талап ету.

- Әйелдердің сарапшылық деңгейін арттыру, олардың тәлімгерлігі мен оқуына көмек көрсету, пайдалы іскерлік байланыстар желісін құру, әйелдерге басшылық лауазымдарында мансап құруға көмектесетін үздік халықаралық тәжірибелер туралы ақпарат тарату арқылы әйелдердің тұрақты мансабын қолдау мақсатында кәсіби қоғамдастық құруға бастамашылық жасау.

- Барлық адамдар үшін, соның ішінде әйелдер үшін қауіпсіз жұмыс ортасын құру үшін жұмыс орнындағы кемсітушілік пен қудалауға қарсы күрес ережелерін әзірлеу немесе өзгерту.

Осы ұсыныстарды сақтау биліктің атқарушы, өкілді және сот органдарында, мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік секторларда шешімдер қабылдау деңгейінде әйелдердің үлесін 30% - ға дейін ұлғайтуға қатысты міндетке қол жеткізу бойынша әлеуетті ашады. Бұл жағдайда барлық басшылық лауазымдардың жалпы пайызын ғана емес, сонымен қатар әр кезеңді жеке-жеке ескеру қажет, өйткені басшылық лауазымдар бірдей емес. Сондықтан гендерлік құрамды: бірінші басшылар, бірінші басшылардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелердің басшыларын бөлек қарастырған жөн.

- Қазақстанда саяси партиялардың сайлау тізіміне әйелдер мен жастар, мүгедектігі бар адамдарды олардың саясаттағы өкілдігін ұлғайту және олар үшін маңызды мәселелерді өзектендіру үшін 30% квота енгізілді. Әйелдердің саясатқа қатысу үлесінің төмен көрсеткіштерін жасырмау үшін осы үш санатты әртүрлі квоталарға бөлу қажет.

- Сондай-ақ, әйелдердің саяси мүмкіндіктерін кеңейту үшін әйелдердің жергілікті, мемлекеттік және халықаралық деңгейдегі саяси процестерге қатысуының маңыздылығын білуге және тануға жәрдемдесу қажет.

- Экономикалық белсенділік пен экономикалық мүмкіндікті қолдау үшін әйелдерге арналған тәлімгерлік институтын кеңейту, экономикалық қолдаудың қолжетімді шаралары және оларды алу тәсілдері туралы хабардар ету ұсынылады. Сондай-ақ, мемлекеттік балабақшалар желісін кеңейту, қосымша кешкі топтар есебінен олардың жұмыс уақытын тегін немесе жеңілдікті негізде ұлғайту ұсынылады.

- Орта білім беретін мектеп мекемелерінде оқушыларға қаржылық тәуелсіз болу үшін қаржылық жоспарлау негіздерін дамытуда қаржылық сауаттылық, икемді дағдыларға үйрету (soft skills) сабақтарын енгізуді қарстыру.

- Отбасында гендерлік рөлдерді бөлу тепе-теңдігіне қол жеткізу үшін әке институтын нығайтып, қоғамдық санада отбасы өміріне толыққанды қатысатын қамқор әке бейнесін қалыптастыру қажет. Сондай-ақ, бұл әкелердің алимент төлемеу проблемасына көмектеседі, өйткені бала тәрбиесіне белсенді қатысқан ата-ана өзінің өмір сүру сапасы үшін жеке жауапкершілігін жақсы білетін болады

- Қазақстандық қоғамда тұрмыстық зорлық-зомбылықты, қысым көрсету және сексуалдық бопсалауды, некелесу мақсатында әйелдер мен қыздарды күштеп ұрлауды қалыптастырмау үшін мұндай құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік ахуалын құру қажет. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық, бопсалау немесе қысым көрсету туралы арыздарды тергеу, жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету, кінәлілерді қудалау үшін барлық қажетті шараларды қабылдау. Мұндай қылмысты жария ету, ең бастысы, БАҚ-та қылмыскерлердің сөзсіз жазаланатынын көрсету.

- Заңнамаға «сексуалдық бопсалау» терминінің анықтамасын енгізу ұсынылады. Бұл термин қазақстандық заңдарда жоқ. Сексуалдық бопсалағаны үшін жаңа жауапкершілік Еңбек кодексінің, Қылмыстық кодекстің және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің бірқатар баптарында қарастырылған. Бұл жағдайда әр бап құқық бұзушылықты өз бетінше анықтайды.

- Бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы әйелдер санын ұлғайту үшін әйелдерге қатысты қоғамдағы стереотиптерді еңсеру бойынша халықпен ақпараттық –идеологиялық жұмыс жүргізу қажет. Сондай-ақ әйелдер үшін қауіпсіз ортаны қамтамасыз ету, қарулы күштерде, құқық тәртібі органдарында және бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған өзге де құрылымдарда зорлық-зомбылық пен нәпсілдік қол сұғушылықтың алдын алу жөнінде күшейтілген шаралар қабылдаған жөн.

- Некелесу үшін әйелдерді алып қашу мәселесі және қоғамның алдында осы құбылысты нормаға айналдыру ерекше назар аударуға тұрарлық, атап айтқанда:

- Некелесу үшін әйелдерге ұрлауға қатысты «мүлдем төзбеушілік» жылын өткізу, оған құқық бұзу субъектілері сияқты объектілерін де осындай әрекет қылмыстық жазаланатыны туралы жаппай ақпараттандырулар кіреді;

- отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұқсастығы бойынша тек зардап шеккен адам ғана емес, құқық бұзушылықты жасағаны (жақын туысқандар, құқық бұзушылық куәгерлері) туралы белгілі болған басқа адамдарға да өтініш жазуға мүмкіндік беретін жеке меншіктен жария принципке ауысу;

- «кінәсінің анық-қанығы» принципі бойынша құқық қорғау органдары жұмысына қызметкерлердің дербес жауапкершілігін қылмыстық жауапкершілікке дейін

енгізу, осыған сәйкес өзіне сеніп тапсырылған учаскеде осы қызметкер жұмыс істеген кезеңде некелесу үшін әйелді ұрлау фактісі анықталған жағдайда құқық қорғау органдары қызметкерлері жасалған құқық бұзушылық туралы білу мүмкін болмағанын дәлелдеуі қажет;

- күштеп некелесу үшін алып қашу құрбаны болған әйелге консультация беруге дайын сарапшы-заңгер базасын қалыптастыру және әйелдерді осындай жағдайларда заң көмегін алу мүмкіндігі туралы ақпараттандыру;

- некелесу үшін әйелдерді алып қашу жағдайын анықтауға бағытталған учаскелік профилактикалық тексеру жұмыстарын енгізу. Мұндай жағдайларды анықтағанда «кінәсінің анық-қанығы» принципі іске қосылады.

• репродуктивті денсаулық пен жыныстық тәрбие бойынша 8-11 сынып оқушылары, оның ішінде балалар үйлері мен интернат үйлері оқушылары арасында, әсіресе ауылдық өңірлерде ақпараттық және оқыту семинарларын өткізу мақсатында денсаулық сақтау және білім беру жүйелерінің өзара іс-қимылын күшейту ұсынылады.

• Жыныстық тәрбие және репродуктивті денсаулыққа байланысты сұрақтар бойынша кәсіби көмек, қаралу және емделу, call-орталықтарында консультация және ұсыныстарды онлайн, сондай-ақ офлайн режимде алу мәселелері бойынша халықпен ақпараттық жұмысты кеңейту.

• Репродуктивті денсаулық саласында, әсіресе уролог-андролог мамандарды оқытуға қосымша гранттар бөлу.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Gender budgeting <https://rm.coe.int/1680596143>
2. «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы № 223-IV Заңы.
3. Гендерлік глоссарий. МГЦИ. www.gender.ru
4. Гендер терминдері сөздігі. <http://a-z-gender.net/gendernaya-politika.html>
5. А.А. Маали Шади Лингвистическая репрезентация гендерных стереотипов в рекламе. <https://cyberleninka.ru/article/n/lingvisticheskaya-reprezentatsiya-gendernyh-stereotipov-v-reklame/viewer>
6. Н.А. Коноплева Гендерные стереотипы // Словарь гендерных терминов / Под ред. А.А. Денисовой / Региональная общественная организация «Восток-Запад: Женские инновационные проекты». – М.: Информация – XXI век, 2002. –62– 65 б.
7. https://social_work.academic.ru
8. <https://humanlibrary.by/assertivnost/>
9. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы (24.11.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)
10. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.
11. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2021 ж. <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-183048>
12. https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=71&slug=-58&cat_id=9&lang=ru
13. «Қазақстанның әйелдері мен ерлері» статистикалық жинағы, 2016-2020 жж. ҚР СЖРА ҰСБ.15. 14. https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=18&slug=-. &cat_id=7&lang=ru
15. «Қазақстан Республикасындағы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл» ұлттық баяндамасы/ А.Е.Есенбаев, А.С.Кайдарова, А.Қ.Рақышева, О.В.Николаева, Д.М.Айкенова, С.П.Тұрсынбекова, А.С.Жолдыбалина, Х.Қ.Әжіғұлова, М.Х.Хасенов, А.Н.Родионов, Л.Т.Культемирова., Г.М.Молдақұлова, А.М.Әшімова, А.И.Досмухамбетова, Б.Қ.Ермекбаева – Нұр-Сұлтан: 2021. – 300 б
16. <https://www.weforum.org/reports/global-gender-gap-report-2021>
17. «Ерлердің рөлі, олардың Қазақстандағы отбасылық өмірге және бала тәрбиесіне қатысу дәрежесі» ұлттық әлеуметтанулық зерттеуі (2125 респондент іріктелі), 2021 ж. <https://kazakhstan.unfpa.org/ru>
18. Қазақстандық денсаулық сақтау жүйесіне шолу: 2021 жылдың қорытындылары. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/obzor-kazahstanskoy-sistemy-zdravoohraneniya-itogi-2021-goda-1933931>

19. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мемлекеттік органның 2020-2024 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру туралы есеп (әзірлеуші мемлекеттік органның атауы). Нұр-Сұлтан, 2021 ж. <https://stat.gov.kz/official/industry>
20. Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000384>
21. ҚР СЖРА ҰСБ <https://stat.gov.kz/official/industry> 22. <https://www.statista.com/statistics/1211917/number-of-years-until-gender-gaps-are-closed-worldwide-by-region/>
23. Мемлекет басшысының «Ұрпақ теңдігі» жаһандық форумында сөйлеген сөзі <https://www.akorda.kz/ru/prezident-kazahstana-vystupil-s-videoobrashcheniem-na-globalnom-forume-pokolenie-ravenstva-16616>
24. https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z090000214_/z090214.htm
25. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30657323
24. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V Кодексі (03.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235>
25. <https://rm.coe.int/1680596143>
26. https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=106&slug=2018-1&cat_id=6&lang=ru
27. <https://kapital.kz/business/99356/dolya-zhenskogo-predprinimatelstva-v-msb-rk-sostavlyayet-43-yebrr.html>
28. https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=70&slug=-57&cat_id=9&lang=ru
29. <https://www.statista.com/statistics/1058345/countries-with-women-highest-position-executive-power-since-1960/>
30. Facebook әлеуметтік желісіндегі «Мы за гендерное равенство» жобасының парағы <https://www.facebook.com/102956664721938/posts/pfbid02gDdZBnDDY6kTfFDWYjKdF6hJzTtawzZAmkgfmmJtkaJtPZP7cx6d8qNgo1SLrej6I/>
31. ҚР Қорғаныс министрлігі <https://www.gov.kz/memleket/entities/mod/press/news/details/337538?lang=ru>
32. БҰҰ сайты <https://news.un.org/ru/story/2022/05/1424602>
33. Cullen-Dupont, Kathryn (2000). «American Association of University Women». Encyclopedia of Women's History in America (2nd ed.). Facts on File. pp. 10–11. ISBN 978-0-8160-4100-8.
34. «Who We Are». AAUW: Empowering Women Since 1881. Archived from the original on 2017-03-20. Retrieved 2017-04-11.
35. <https://equileap.com/>
36. https://www.democracynow.org/2022/5/27/headlines/only_yes_means_yes_spanish_parliament_passes_sexual_consent_bill
37. <https://www.afd.fr/en/actualites/morocco-equality-and-gender-responsive-budgeting>
38. БҰҰ әйелдері сайты <https://gender-financing.unwomen.org/en/highlights/gender-responsive-budgets-case-of-morocco>

39. «О пресечении насилия в отношении женщин или (и) насилия в семье, защите и оказании помощи жертвам насилия» 2017 жылғы 1 маусымдағы Грузия Заңы
40. Deloitte, “Women in the Boardroom: A Global Perspective (5th Edition), (2017): 3.
41. Халықаралық Қаржы Корпорациясының Есебі (IFC), 2021 ж.
42. Women, Business and the Law 2022 <https://openknowledge.worldbank.org/handle/10986/36945>



МИНИСТЕРСТВО ИНФОРМАЦИИ
И ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



КАЗАХСТАНСКИЙ
ИНСТИТУТ
ОБЩЕСТВЕННОГО
РАЗВИТИЯ



АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОТЧЕТ ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ
«ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА
В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ»

АСТАНА, 2022

Аналитический отчет по результатам социологического исследования на тему «Гендерная политика в современном казахстанском обществе». / Николаева О.В. – г. Астана: НАО «Казахстанский институт общественного развития», 2022 г. – 150 с.

Аналитический отчет основан на результатах социологического исследования «Гендерная политика в современном казахстанском обществе», организованного по заказу Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан. Эмпирическую основу исследования составили результаты массового опроса, проведенного во всех регионах страны. В качестве дополнительного источника информации были использованы экспертные интервью, данные официальной статистики и отчетов международных организаций. Исследование направлено на изучение ситуации в области гендерной политики Республики Казахстан, особенностей развития гендерного равенства в стране и разработку практических рекомендаций в данной сфере.

Рекомендуется для государственных структур и организаций в области гендерной политики, неправительственных организаций, исследователей, специалистов, работающих по данной тематике и всех заинтересованных сторон.

СОДЕРЖАНИЕ

ОБОЗНАЧЕНИЯ И СОКРАЩЕНИЯ	80
ГЛОССАРИЙ	81
ВВЕДЕНИЕ	83
ГЛАВА 1. Развитие гендерного равенства и гендерного просвещения в Республике Казахстан	88
1.1. Текущая ситуация в области гендерного равенства в Казахстане	88
1.2. Развитие гендерного просвещения	96
ГЛАВА 2. Институциональные основы гендерного равенства	100
ГЛАВА 3. Экономические и политические возможности женщин	107
3.1. Расширение экономических возможностей женщин	107
3.2. Поддержка политического участия женщин	116
ГЛАВА 4. Насилие в отношении женщин и мужчин	122
ГЛАВА 5. Участие мужчин и женщин в обеспечении мира и безопасности	130
ГЛАВА 6. Зарубежный опыт в развитии гендерного равенства	133
ВЫВОДЫ.....	144
РЕКОМЕНДАЦИИ	146
СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ	149

ОБОЗНАЧЕНИЯ И СОКРАЩЕНИЯ

АСП	- Адресная социальная помощь
БНС АСПР РК	- Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК
ВВП	- Валовой внутренний продукт
ВЭФ	- Всемирный экономический форум
КоАП РК	- Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях
КОПД	- Комитет по охране прав детей
МВД РК	- Министерство внутренних дел РК
МЗ РК	- Министерство здравоохранения РК
МИОР РК	- Министерство информации и общественного развития РК
МО РК	- Министерство обороны РК
МТСЗН РК	- Министерство труда и социальной защиты РК
МЧС РК	- Министерство по чрезвычайным ситуациям РК
НКДЖСДП	- Национальная комиссия по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте Республики Казахстан
НПП РК «Атамекен»	- Национальная палата предпринимателей Республики Казахстан «Атамекен»
НПО	- Неправительственные организации
ООН	- Организация Объединенных Наций
ОФ	- Общественный фонд
РК	- Республика Казахстан
СМИ	- Средства массовой информации
СБН	- Семейно-бытовое насилие
США	- Соединенные Штаты Америки
ЦСПИ	- Центр социальных и политических исследований
ЮНИСЕФ	- Фонд ООН помощи детям
ЮНФПА	- Фонд ООН в области народонаселения

ГЛОССАРИЙ

Гендерное бюджетирование – это применение гендерного подхода в бюджетном процессе. Это означает гендерную оценку бюджетов, учитывающую гендерную проблематику на всех уровнях бюджетного процесса и реструктуризирующую доходы и расходы в целях обеспечения гендерного равенства¹.

Гендер, согласно статье 1 Закона Республики Казахстан «О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин» от 8 декабря 2009 года, социальный аспект отношений между мужчинами и женщинами, который проявляется во всех сферах жизни².

Гендерная идентичность – осознание себя связанным с определениями мужественности и женственности, действующими в данной культуре. Идентифицировать (осознать) себя как мужчину или женщину – это значит принять те психологические качества и модели поведения, которые данное общество приписывает и предписывает людям в зависимости от их биологического пола³.

